

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 218 (9795)

1955 жылғы 2 ноябрь

Сәрсенбі

Шығуына 38 жыл және саны 20 тыйын

## Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу тыңғылықты ұйымдастырылсын

Тракторларды, комбайндарды және басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің күзгі - қысқы маусымы басталды. Бұл жұмысқа облысымыздың бірқатар МТС-тері мен совхоздарының кіріскеніне едәуір уақыт болып та қалды. Солай бола тұрса да, жөндеу жұмысының барысы мейлінше қанағаттанғысыз болып отырғандығын атап айту керек. Тракторларды, комбайндарды, шұттарды, сеялаларды, культиваторларды және басқа да машиналарды жөндеудің октябрь айына белгіленген жоспарлары облыстың МТС-тері бойынша да, совхоздары бойынша да орындалмай қалып отыр.

Күзгі - қысқы жөндеу маусымына барлық жағынан тыңғылықты әзірленудің және жөндеу жұмысын үлгілі жүргізудің зор маңызы бар. Бірақ бұл көп белгілі қарғара кейбір МТС-тер мен совхоздардың басшылары әлі күнге дейін жете түсініксіз - ақ келеді. Облыстағы 31 МТС-тен 27 МТС-тің, 37 совхоздан 11 совхоздың мастерскойларының жөндеу маусымына осы уақытқа дейін толық дайындалмауы және бірқатар МТС-терде жазғы уақытта колхоздарда жұмыс істеген машиналардың жөндеу мастерскойларына жеткізілмей, далада жатып бүлінуі бұған толық дәлел. Ал, мұның өзі төзуге болмайтын факт.

Жөндеу жұмысында өткен жылы да елеулі кемшіліктер болған-ды. Өткен жылы бірсыпыра МТС-тер мен совхоздар күзгі - қысқы жөндеу маусымына нашар әзірленген болатын. Олар трактор жөндеу жұмысын көктемгі егіс басталғанға дейін созып, ақыры жөндеуден асығыс өткен тракторларда көп ақау жіберілгенді. Мұндай жағдай Шағлы, Асанов, Приешік, Преснов, Семиполка МТС-тері мен Степной, Қарағанды совхоздарында кездескен. Бұларда егіс кезінде аңызда сынып тоқтап тұрған тракторлар аз болмады. Мұның өзі егіс жұмысына көп нұқсан келтірген болатын.

МТС-тер мен совхоздардың басшылары өткен жылғы орын алған кемшіліктерден

терден, совхоздардан болған зақаздарды кезінде орындап отырмайды. Жөндеу жұмысына қажетті қосалқы бөлшектер, құрал-саймандар қоймаларда айлап жатса да, оларды кезінде жөнелтіп отыру, сөйтіп, МТС-тер мен совхоздарға деркезінде көмек көрсету сыяқты маңызды іске немқетті қарайды. Ал облыстық ауыл шаруашылығы мен совхоздар басқармаларының тарапынан бұл мекемелердің жұмысына бақылау, бағыт сілтеу тиісті дәрежеде емес.

Алдағы жылы ауыл шаруашылығы жұмыстарының көлемі, оның ішінде егіс көлемі үстіміздегі жылдан анағұрлым арттырылғалы отыр. Бұл жағдай МТС-тер мен совхоздардың оған барлық жағынан әзір болуын керек етеді. Көктемгі егіс, шөп шабу, егін жыйнау сыяқты күрделі жұмыстардың кезінде, сапалы орындалуы тракторлардың, шөп машиналарының, комбайндардың, тіркеу саймандарының жөндеуден сапалы өткізілуіне және жеткілікті болуына байланысты. Олай болса, ауыл шаруашылығы машиналары әрі тез, әрі сапалы жөндеу жұмысына партия, совет ұйымдары, МТС, совхоз директорлары күнбе-күн басшылық жасап, оның барысын үнемі бақылап, көмектесіп отырулары керек.

Жөндеу жұмысын тыңғылықты жүргізу үшін алдымен жөндеушілерге жағдай жасау қажет. Жөндеу мастерскойларын күзгі - қысқы жұмысқа бейімдеп жабдықтау, оларды токарь, слесарь, ұста сыяқты мамандармен толықтыру, машиналардың бөлшектерін ажырататын және жыйнап құрастыратын орындарды әзірлеу, жөндеушілерді қосалқы бөлшектермен, құрал-саймандармен қамтамасыз ету — ең басты міндет. Жөндеушілер бригадаларының құрамын толықтыру, жылжымалы жөндеу бригадаларын ұйымдастыру, бригадаларға сменалық, бескүндік тапсырмалар беріп, олардың орындалуына жетісіп отыру керек.

МТС-тер мен совхоздарға Мамлют жөндеу заводы мен қала кәсіпорындары да зор көмек көрсетуге міндетті. Мамлют за-

## МЕРЕКЕ ҚҰРМЕТІНЕ



Филипп Михайлович Калининченко Возвышен астық совхозында онбес жылдан бері токарь болып жұмыс істеп келеді. Калининченко жолдас жұмысты ақаусыз істеумен бірге, норманы үнемі асыра орындайды.

Ұлы Октябрь мерекесі және СОКП XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, еңбек сүйгіш токарь бұл күндері сменалық тапсырманы бір жарым-ейі еседен орындап жүр.

СУРЕТТЕ: токарь Ф. М. Калининченко жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Қызу еңбек

«Комсомолка» тігін фабрикасының коллективі СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығына арнаған Ұрандарын сапсы және өндірістік зор өрлеу үстінде қарсы алды. Сөйтіп олар көпшілік тұтынатын товарлар өндіруді мейлінше молайту, оның ассортиментін ұлғайту, шикізат-

Машина-трактор станцияларының қызметкерлері! Барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын өркендету үшін, колхоздардың ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жөнінде мемлекет алдындағы міндеттемелерін мезгілінде орындауы үшін күресіңдер! Тракторлардың, комбайндардың және басқа машиналардың өте сапалы жөндеуін қамтамасыз етейік!

(СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҰЛЫ ОКТАБРЬ СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ 38 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАҒАН ҰРАНДАРЫНАН)

## ССРО Жоғарғы Советі делегациясының Софияға келуі

СОФИЯ, 30 октябрь. (ТАСС). Болгар Халық Республикасы Ұлттық жыйналысының шақыруы бойынша Одақ Советі мандат комиссиясының мүшесі, СОКП Орталық Комитетінің секретары Н. И. Беляев бастаған ССРО Жоғарғы Советінің делегациясы бүгін Софияға келді.

Болгар Халық Республикасының және Совет Одағының мемлекеттік жалауларымен безендірілген аэродромында ССРО Жоғарғы Советінің делегациясын Болгар Халық Республикасы Халық жыйналысы президиумының председателі Г. Дамянов, министрлер Советінің председателі В. Червенков, министрлер Советі председателінің орынбасарлары А. Югов, Г. Трайков, И. Михайлов, Болгар Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретарьлары Д. Ганев және В. Тасков, кәсіп-одақтардың Орталық Советінің председателі Т. Прахов, Халық жыйналысы Президиумы председателінің орынбасарлары К. Елисурский және Г. Вулишев, Халық жыйналысы бюросының председателі Ф. Козовский, министрлер, Отандық майдан Халық советі тұрақты бюросының мүшелері, София қалалық Халық советінің председателі Д. Попов, Халық жыйналысының депутаттары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қарсы алды.

Делегацияны сонымен қатар ССРО-ның Болгариядағы Елшісі Ю. К. Приходов, баспасөз өкілдері қарсы алды.

Аэродромда жыйналғандар ССРО Жоғарғы Советінің депутаттарын шын жүректен құттықтады. София пионерлері қонақтарға гүл шоқтарын әкеліп ұсынды. Со-

вет парламент делегациясының мүшелеріне арнап, Халық жыйналысы бюросының председателі Ф. Козовский былай деді:

Туысқан Совет Одағынан келген қымбатты қонақтар! Біздің халық республиканың Халық жыйналысы атынан, демек бүкіл болгар халқы атынан Сіздерді болгар жеріне аяқ басуларыңызбен құттықтауға және Сіздерге «Қош келдіңіздер, біздің қымбатты және бір туысқан бауырлар!» деп айтуға рұқсат етіңіздер.

Сіздер арқылы біз батыр совет халқы және оның ұлы мемлекетін — бейбітшіліктің қуатты қамалын және адамзаттың ең тамаша үмітін құттықтаймыз. Біз өзімізді екі рет азат етуші, бізбен оны ғасырлық біртуысқан достық, ең алдымен еңбектегі және біздің халықтарымыздың ең ардақты армандарын жүзеге асыру жолындағы күрестегі ортақ сезім мен идеалдар байланыстырып отырған — Совет Одағын құттықтаймыз. Біздің елімізде сонша ардақты совет делегациясының болуын ССРО және Болгария халықтары арасындағы достықты бұрынғыдан да төрі нығайта түсетіндігіне, біздің бейбітшілік және социализм жолындағы ортақ күресімізді бұрынғыдан да төрі күшейте түсетіндігіне сенеміз.

Құттықтауға жауап бере келіп, ССРО Жоғарғы Советі делегациясының басшысы Н. И. Беляев былай деді:

Сіздердің өздеріңіздің тамаша Отаныңызда болуға шақыруларыңызды біз зор қуаныш және қанағаттанғандық сезіммен қабыл алдық. Бұл шақыру үшін және бізге көрсеткен жылы шырайлы

қарсы алғандық үшін ашын жүректен алғыс айтамыз.

ССРО Жоғарғы Советі және бүкіл совет халқы атынан Сіздердің даңқты астаналарыңыз Софияның тұрғындарына және бүкіл болгар халқына маған қызу сәлем жолдауыма рұқсат етіңіздер.

Барлық совет адамдары Сіздің халқыңыздың еңбектегі ерліктерін және оның бейбітшілікті қорғау жолындағы белсенді күресін зор сүйіспеншілікпен және ықпалмен қадағалап отыр және Сіздердің жұмыстарыңызда жаңа зор табыстарға жетулеріңізге тілектестік білдіреді.

Тарихи терең тамырлары бар, біздің халықтарымыздың өркендеп, нығайып келе жатқан достығы, әсіресе Балқанда бейбітшілікті қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Біздің Сіздердің елдеріңізде болуымыз, Сіздермен тікелей байланыстар орнатуымыз біздің халықтарымыз арасындағы жылы шырайлы, шын пейілді қатынастарды онан әрі тереңдетіп, нығайтуға көмектесетін болады, осы арқылы бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен ынтымақтың нығайту ісіне қызмет етеді деп біз сенеміз.

Туысқандық қарсы алғандарыңыз үшін Сіздерге тағы да алғыс айтамыз және өз Отандарыңызды тұлғандыра беру, халықтар арасында бейбітшілікті қамтамасыз ету жолындағы күресте онан әрі табыстарға жетулеріңізге тілектестік.

Мызғымас болгар-совет достығы жасасын!

Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік жасасын!

## ССРО Жоғарғы Советі делегациясының Болгарияда болуы

СОФИЯ, 31 октябрь. (ТАСС). Бүгін ССРО Жоғарғы Советінің делегациясы Халық жыйналысы Президиумының председателі Г. Дамяновқа және Халық жыйналысы бюросының председателі Ф. Козовскийге келіп жолықты.

Бұдан кейін делегация мүшелерін Министрлер Советінің Председателі Вылко Червенко, Министрлер Советі Председателінің орынбасарлары А. Югов, Г. Трайков,

Г. Чанков, И. Михайлов және үкімет мүшелері қатысқан әңгіме шын пейілді жағдайда өтті.

Бүгін ССРО Жоғарғы Советінің делегациясы Георгий Димитровтың мавзолейінде болып, венкоқ қойды. Венкоқ сонымен қатар азат етуші — Совет Армиясының құрметіне орнатылған монументке де қойылды.

Түстен кейін совет парламент делега-

циясы София қалалық халық Советінде болды, онда оны председателі Д. Попов қабылдады. Делегацияны Халық жыйналысының сыртқы істер жөніндегі комиссиясының председателі, БШП Орталық Комитетінің секретары Д. Ганев, Болгария сыртқы істер министрлігінің протокол бөлімінің меңгерушісі А. Алексеев, сонымен қатар ССРО-ның Болгариядағы Елшісі Ю. К. Приходов ертіп барды.

рытынды жасап, жөндеу жұмысына әзірлікті ойдағыдай ұйымдастыруға, жөндеу жұмысын үлгілі жүргізуге тиіс еді. Істің жайы бұлай болмай отыр. Чистян, Петропавл, Асанов, Преснов, Николаев, Совет, Налобин, Чашаев, Ленин атындағы МТС-тердің басшылары өткен жылдың жеміштіліктерін былай да қайталап отыр деуге болады. Бұларда машиналарды, әсіресе тракторлар мен комбайндарды жөндеуге қажетті қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар жеткіліксіз. Мастеришкілер қысқы жұмысқа әзір емес. Жөндеушілер құрамы толықтырылмаған. Жөндеу жұмыстарын жүргізетін алаңдар жабдықталмаған.

Бұл жұмысқа басшылық етуде облыстық ауыл шаруашылығы және совхоздар басқармаларында да үлкен жеміштіліктер бар. Бұл мекемелердің басшылары Саленко, Корнилович жолдастар МТС-тер мен совхоздарға басшылық етудің жарамсыз, ескі стилінен әлі арыла алмай келеді. Олар көбінесе кеңседе отырып, МТС-тер мен совхоздарға нұсқау қағаздар жіберумен немесе бұйрықтар жазумен шұғылданады. МТС-тер мен совхоздарға барып, істің жайымен нақтылы танысып отыруға жете назар аудармайды. МТС, совхоз директорларынан жөндеу жұмысының қарқынын арттыруды, жөндеушілер арасында еңбек ұйымдастыру ісін жақсартуды, оларға материалдық жағдай жасауды қатаң талап етпейді.

МТС-терді, сондай-ақ совхоздарды жабдықтауға, жөндеушілерді қажетті қосалқы бөлшектермен, құрал-саймандармен қамтамасыз етуде «тракторбыт», «сельхозснаб» және «совхозснаб» мекемелеріне зор міндет жүктеледі. Бұл мекемелердің басшылары Жданович, Потанов, Голубь жолдастар өздері басқарып отырған жабдықтау орындарының жұмысын жаңа талаптарға сай ұйымдастыра алмай отыр. МТС-

таруға, қала жөсіпорындары мотор, динамометрлерді жөндеуге тиіс. Сонымен қатар қала жөсіпорындарының ауылшаруашылық машиналарына керекті көптеген ұсақ бөлшектерді жасап беруіне толық мүмкіншілігі бар. Сондықтан қалалық партия комитеті мен Совет атқомі жөсіпорындарының қамқорлыққа алған МТС-теріне зор көмек көрсетуге жетісулері керек.

Жөндеуші жұмысшыларды тұрғын үймен, асханамен қамтамасыз ету—айырықша көңіл бөлетін мәселе. Бүгінге дейін жөкелеген МТС-тер мен совхоздарда жөндеуші жұмысшылардың тұрғын үйлері жақсылап жабдықталмаған. Асханаларда тағам түрлері жеткіліксіз, тамақ дәмді дайындалмайды. Бұл кемшіліктерді дереу жойып, жұмысшылардың мәдени-тұрмыстық жағдайына үнемі қамқорлық жасап отыру қажет.

Жөндеу бригадаларында еңбекті дұрыс ұйымдастыру, партия, совет, жөсіподақ, жөмсомол ұйымдарының басты міндеттерінің бірінен саналады. Бұл ұйымдар жұмысшылар арасында бұқаралық-саяси жұмысты күшейтіп, социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, жарыстың қорытындысын қабырға газеттеріне, жауынгерлік листоктарға, көрсеткіш тақталарына жазып отыруға және оны бригадалардың өндірістік жыйналыстарында талқылауға жетісуге тиіс. Сондай-ақ озаттардың тәжірибелерін кеңінен насихаттауға ерекше көңіл бөлу керек. Бригадаларда үгіт жұмысын күшейту, оның түрлері мен әдістерін дұрыс және барынша кең қолдану—үгітшілердің айбынды міндеті. Партия ұйымдары үгітшілерге көмектесіп отырумен бірге олардың жұмысының әсерлі болуына жетісіп отырулары қажет.

Тракторларды, комбайндарды және басқа да ауылшаруашылық машиналарын әрі тез, әрі сапалы жөндеп, партиямыздың ХХ съезін еңбекте жаңа табыстармен қарсы алу үшін күресейік!

## Академик А. Ф. Иоффе Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Ғылым саласында сіңірген еңбектері үшін және туғанына жетіс бес жыл толуымен байланысты академик Абрам Федорович Иоффе Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, оған Ленин ордені мен «Орақ және Балға» алтын медалі қоса тапсырылды.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль. 23 октябрь, 1955 жыл.

## Ақын А. С. Исаакянді Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Көркем әдебиет саласында сіңірген аса көрнекті еңбектері үшін, туғанына 80 жыл толуымен байланысты ақын Аветик Саакевич Исаакян Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль 29 октябрь 1955 жыл.

ты, материалдарды үнемідеу жолындағы социалистік жарысты күшейте түсті.

Мереке құрметіндегі еңбек вахтасына тұрған цехтар мен бригадалардың барлығы да бұл күндері сменалық тапсырмаларын асыра орындауға жетісті. № 2 цехтағы Агафонова және Щеглова жолдастар басқаратын бригада коллективтері фабрика бойынша социалистік жарыста үздік алға шықты. Аталған бригадалардың арқайсысының есебінде жоспардан тыс өндірілген 400-ден фу-файка бар.

Партияның ХХ съезі және Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдық мерекесі күніне лайықты өндірістік тарту әзірлеуді ұйғарған коллектив шығарылатын өнімнің, мейлінше сапалы, әсем, көрікті болуын қамтамасыз етіп келеді. Мұнда, әсіресе Надежда Андреевна Дроздова басқаратын цехтың коллективі көзге түсерліктей. Дроздова жолдас басқаратын цех коллективі октябрь айында цехаралық социалистік жарыс озаты болды. Цех тігіншілері октябрь айында белгіленген жоспардағыдан тыс 1200-дей түрлі бұйымдар өндіріп шығарды.

Фабрика коллективі өндіріс жұмыстарында қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, көпшілік тұтынатын товарлар шығаруды молайта беру, шығарылатын өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік бағасын кеміту жолында қажырлы күрес жүргізіп жатыр.

З. ШАЯХМЕТОВ.

## Механизаторлар міндеттемесі

Булаев МТС-нің механизаторлары тракторларды, комбайндарды және ауылшаруашылық машиналарын күзгі-қысқы жөндеу жұмысына жан-жақты әзірлікпен кірісті. Кәзір бұл жұмысқа 120 адам кірісті. Олардың барлығы да сменалық нормаларын асыра орындап жүр. Жөндеушілер коллективі, әсіресе токарь Замерчук, Языков, слесарь Демиденко жолдастарды ерекше құрметтейді. Бұлар сменалық тапсырмаларын ұдайы біржарым еседен орындайтындар.

МТС-тің механизаторлары октябрь айына белгіленген жоспарды асыра орындап шықты. Атап айтқанда, трактор жөндеу жоспары 230 процент, ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жоспары 100 проценттен асыра орындалды.

Жөндеуші-механизаторлар Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығы күніне дейін барлығы 40 трактор, 4 комбайн және 60 саяла жөндеп шығаруға міндеттенді.

Б. ЖАҚЫПОВ,  
(Өз тілшіміз).

# Бирма Одағының Премьер-Министрі У Нудың Алматыға келуі

Бирма Одағының Премьер-Министрі У Нудың негізгі сапармен Совет Одағында қонақ болып жүр. Онымен бірге ССРО-да оның зайыбы До Мья И, Бирма Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочилелі Елшісі У Монг Он, Бирма-ның Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Полномочилелі Елшісі У Хла Маунг, Бирманың Великобританиядағы Төтенше және Полномочилелі Елшісі У Чин, оның зайыбы Чин ханым, Премьер-Министрдің секретары У Тан, полковник Аунг Джаи, Ухла, Унве еріп жүр.

Қонақтар өздерінің елге саяхатын Өзбек Республикасы астанасынан бастады. Мұнда оларды Өзбек ССР үкімет басшылары және Ташкенттің тұрғындары ерекше жылы жүзбен қарсы алды. У Нуды мен оған еріп жүрген адамдар В. И. Лениннің декреті бойынша 1920 жылы ұйымдастырылған, солтүстік шығыстағы ең ірі жоғары дәрежелі оқу орны—В. И. Ленин атындағы Орта Азия университетінде, Ташкенттің И. В. Сталин атындағы тоқыма комбинатында, Янга-Июл ауданындағы Свердлов атындағы колхозда болды. Қонақтар Навои атындағы опера және балет театрында «Тайир-Зуһра» операсының репетициясында болып, театр үйінің ішкі әсем архитектуралық оюларымен танысты.

21 октябрьде Премьер-Министр У Нуды және оның жанына өркен адамдарды Отанымыздың астанасы—Москва жылы шыраймен қарсы алды.

Небары тоғыз күн ғана өтті, ал қонақтар Ұлы Октябрь бесігі—Ленинградта, қаһарман-қала Севастопольде болып та үлгерді. Олар Оңтүстік Қырымның сауықтыру орындары мен Бакудың мұнай кәсіпшіліктерін көрді.

30 октябрьде бізбен достас бирма халқының өкілдерін Қазақстан астанасының еңбекшілері қонақжайлылықпен қарсы алды.

...Алматы аэропорты. Аэровокзал биігінде «Бирма Одағының Премьер-Министріне сәлем!» деген сөздер жазылған алқызыл шүберек көз тартады.

Қонақтардың құрметіне ілінген Бирма Одағының, ССРО мен Қазақ ССР-нің Мемлекеттік туларын күзгі жел желбіретіп тұр. Автомашиналар қаз-қатар тізілген. Премьер-Министр міндетін алдыңғы ма-

минаға Бирма Одағының, ССРО мен Қазақ ССР-нің тулары ілінген.

У Нуды мен оған еріп жүрген адамдарды қарсы алу үшін аэродромға Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Д. А. Қонаев, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Л. И. Брежнев, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасарлары А. С. Орлов, Ө. Б. Бейсенов, К. Н. Крюкова, Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары М. Бейсебаев, Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасарлары Р. Б. Байғалиев, И. Г. Слажнев, ССРО-ның және Қазақ ССР-нің депутаттары, еңбекшілер депутаттары Алматы облыстық Совет атқомінің председателі Р. Ильяшев, еңбекшілер депутаттары Алматы қалалық Совет атқомінің председателі Ф. А. Мамонов, еңбекшілердің көптеген өкілдері, ғылымның, мәдениет пен искусство қайраткерлері, журналистер қарсы алды.

Қарлы шыңды Іле Алатауы жағынан күнмен шағылысқан күміс түсті өуе көлемелері бірінен соң бірі көріне бастады, олармен бирмалық қонақтар ұшып келеді. 17 сағат 20 минутта самолеттер жерге қонды. Аэродромда жыйналғандар Бирма Одағының өкілдерін ду қолнапалақтап қарсы алды. Бирмалық қонақтарды ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары Н. Т. Федоренко, ССРО-ның Бирма Одағындағы Төтенше және Полномочилелі Елшісі А. Д. Шиборин, ССРО Сыртқы істер министрінің жауапты қызметкерлері ертіп жүр.

Қуатты прожекторлар жанды. Бұлар бирмалық қонақтардың ССРО-ға келуі жөніндегі түсті картина үшін У Нудың Алматыға келуін түсіруге дайындалып жатқан операторлар.

Бирма үкіметінің басшысы мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Д. А. Қонаев қол алысып амандасты.

У Нуды мен оған еріп жүрген адамдардың алдынан пионерлер жүгіріп барды. Олар қонақтарға күзгі әсем гүлдер ұсынды.

Бирма Одағының, Қазақ ССР-і мен Совет Одағының Мемлекеттік гимндерінің сазы зор үнмен естілді.

Д. А. Қонаев жолдас қысқаша құттықтау сөз сөйледі.

У Нуды жауап сөз сөйледі. Ол былай деді:

—Председатель мырза, мэр, достар!

Мен мұнда келгеніме бақыттымын. Маған мұнда жан баспаған шөлді құнарлы жерге айналдыру жөнінде батыл шаралар қолданылып жатыр деп айтқан еді. Бирмада да өндірісті өркендету жөнінде зор жұмыстар істелуде, біз өнімді көп шығару үшін зор күш жұмсаудамыз.

Премьер-Министр ауыл шаруашылығындағы социалистік құрылымның табыстарымен танысуға оған мүмкіншілік берілгендігі үшін өзінің қуанышты өсендігін айтты.

—Мұнда көргендеріміздің барлығы Бирмада бізге көп көмектеседі деп есептеймін, —деді У Нуды.

Мен өзіммен бірге Алматы еңбекшілеріне бирма еңбекшілерінің сәлемін алып келдім. Жылы шыраймен қарсы алғандықтарыңыз үшін сіздерге алғыс айтамын.

Қонақтар машиналарға отырып, оларға бөлінген үйге қарай қала арқылы бет алды. Ағаштардың күзгі алтын бейнесі түсімен көркейген көшелерде Бирмадан келген қонақтарға арналып орыс, қазақ және бирма тілдерінде құттықтаулар жазылған шүберектер ілінген. Алматы проспектілері көдүңгі коридорлар сияқты. Қаланың оң мыңдаған тұрғындары бүкіл жол бойына Бирма үкіметінің басшысы мен оған өркен адамдарды құттықтай қызу қол соқты. «Бирма мен Совет Одағы халықтарының достығы жасасын!» деген дауыстар естілді.

Кешке У Нуды, оның зайыбы До Мья И және Премьер-Министрге еріп жүрген адамдар қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрында «Қыз Жібек» спектаклінде болды. Қазақстанның искусство шеберлері атынан ССРО-ның халық артистасы К. Байсейитова құттықтау сөз сөйледі. Залдағылар Премьер-Министр мен оған еріп жүрген адамдарды ду овация жасап қарсы алды. «Ура!» деген дауыстар естілді.

Сол сияқты Алматыға ССРО-да қонақ болып жүрген Бирма журналистері: «Ман даинг» газетінің бас редакторы У Хла, «Нью Таймс оф Бирма» газетінің бас редакторы У Пе Тин, «Неинш» газетінің бас редакторы У Ло Ион, «Рангун Дейли» газетінің бас редакторы У И Маунг, «Хантавади» газетінің бас редакторы У Сеин, «Нью Лайт оф Бирма» газеті бас редакторының орынбасары У Таунг Ньют келді. (ҚазТАГ).

## Бирма Одағының Премьер-Министрі У Нудың Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Д. А. Қонаевқа сәлем беруі

30 октябрьде Бирма Одағының Премьер-Министрі У Нуды Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Д. А. Қонаевқа келіп, сәлем берді.

Премьер-Министр У Нуды Бирма Одағының ССРО-дағы Төтенше және Полно-

мочилелі Елшісі У Монг Он ертіп келді. Д. А. Қонаев пен У Нудың әңгімесіне ССРО Сыртқы істер министрінің орынбасары Н. Т. Федоренко және ССРО-ның Бирма Одағындағы Төтенше және Полно-

мочилелі Елшісі А. Д. Шиборин, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Л. И. Брежнев, Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары М. Бейсебаев қатынасты. (ҚазТАГ).

# Облыста бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы

## Қазақстан КП облыстық комитеті VIII пленумының 1955 жылғы 24-25 октябрьде қабылдаған қаулысы

Қазақстан КП обкомінің пленумы облыс партия ұйымдарының еңбекшілерді партия мен үкіметтің халық шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастыру жөніндегі тарихи қарарларын орындауға жұмылдыруда едәуір жұмыс жүргізілгенін атап көрсетеді.

Бесінші бесжылдықтың төрт жылы ішінде облыста өнеркәсіп өнімдерін өндіру мөлшері 67 процент ұлғайды. Үстіздегі жылдың тоғыз айының өндірістік жоспарын облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары 106 процент орындап, жоспардан тыс 31,4 миллион сомның өнімін берді.

1954—1955 жылдары облыстың колхоздары мен совхоздары егіс алаңына 914,3 мың гектар ұлғайтып, 1 миллион гектардан астам тың және тыңайған жерлерді игерді. Облыста 19 жаңа совхоз құрылды. Колхоздар мен совхоздарда аса бағалы азық-түлік және жемазықтық дақыл — жүгері егісі ұлғайтылып, жүгері егісінің алаңы үстіздегі жылы 56 мың гектар болды.

Көнеқош, Соқолов және басқа аудандардың бірқатар партия ұйымдары бұқаралық-саяси жұмысты жақсартуға жетісті. Өнеркәсіп кәсіпорындарында, колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде саяси үгіт неғұрлым әсерлі, нақтылы сыйпат ала бастады.

Алайда, бүкіл идеологиялық жұмыстың жайы өрісі мен идеялық-теориялық дәрежесі облыс партия ұйымы алында тұрған өскелең міндеттерге сай емес, ал мұның салдарынан ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде облыс елеулі түрде артта қалып отыр. 1955 жылы ауылшаруашылық дақылдарынан төмен өнім алынды, барлық түлік бойынша да мал басының жеміне зор берілді. Малшаруашылық өнімдерінің барлық түрін де мемлекетке тапсыру жоспарының орындалуы қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді.

Облыс өнеркәсіп кәсіпорындарының едәуір бөлігі 1955 жылдың тоғыз айының өндірістік жоспарын орындамады. Бұл кәсіпорындар мемлекетке 8 миллион сомның өнімін өем берді, 91 кәсіпорының 11-і еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырманы орындамады.

Қазақстан КП обкомінің пленумы облыстық партия комитеті бюросының, қалалық, аудандық партия комитеттерінің партиялық-саяси жұмыспен жеткіліксіз шұғылданатынын, бұл мәселелерді бюраларда, пленумдарда, активтерде сирек талқылайтынын атап көрсетеді. Облыста шаруашылық мәселелері көбінесе адамдар арасында жүргізілетін саяси, тәрбие жұ-

мыс кәсіпорындарының басшы қызметкерлері үгітшілер алдында сирек сөйлейді.

Елеулі кемшіліктер лекциялық насихат ісінде де орын алып отыр. Партия комитеттерінің лекторлар топтары, саяси және ғылыми білімдер тарату Қоғамының облыстық бөлімшесі (жауапты секретары Сошникова жолдас), мәдениет басқармасы жанындағы облыстық лекциялық бюро лекциялық жұмыстың жашпай өрістетілуіне әлі де жетіскен жоқ, дала және трактор бригадаларында, колхоз фермалары мен совхоз бөлімшелерінде лекциялар өте аз оқылады, экономикалық білімдер нашар таратылады. Облыстық ауылшаруашылық басқармасы (бастығы Коробов жолдас) және совхоздар басқармасы (бастығы Корнилович жолдас) колхоз және совхоз өндірісі озаттарының тәжірибелерін нашар насихаттайды.

Аудандық, қалалық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары, лекциялық бюралардың жетекшілері оқылып жүрген лекция мен баяндамалардың сапасына бақылау жасауды жеткіліксіз жүзеге асырады, бұқараның санасына, шаруашылық және саяси міндеттердің ойдағыдай орындалуына ықпал жасайтын лекцияларды, баяндамаларды, өңірмелерді өткізіп жүрген таңдаулы насихатшылардың, үгітшілердің жұмыс тәжірибелерін қорытпайды.

Партия комитеттері социалистік жарысты ұйымдастыру және оған басшылық жасау ісіне тиісті дәрежеде назар аудармай келеді. Аудан мен аудан, колхоз бен колхоз, МТС мен МТС, совхоз бен совхоз, өнеркәсіп кәсіпорны мен өнеркәсіп кәсіпорны арасындағы социалистік жарыс шарттары үнемі тексеріліп отырмайды, қабылданған міндеттемелердің орындалуы қорытындылары жасалмайды. Мамандық жөніндегі жарыс өрістетілмеген, жарыс жетікшелерінің жариялылығы қамтамасыз етілмей келеді. Жарыс озаттары сирек ынталандырылып, олардың тәжірибесі қорытылмайды.

Колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда, өнеркәсіп, транспорт кәсіпорындарында және құрылыс ұйымдарында көрнекі үгіттің жан-жақты формалары — қабырға газеттері, «жауынгерлік листовкалар», көрсеткіш тақталар, ұрандар, плакаттар, диаграммалар, фотовитриналар және тағысын тағылар нашар пайдаланылады.

Мәдени-ағарту мекемелері әлі де болса бұқарамен жұмыс істеудің және еңбекшілердің мәдениетті дем алуының шын мә-

уашылығы озаттарының тәжірибесі нашар жазылады, басшы партия және совет қызметкерлерінің мақалалары да сирек.

Облыстық, аудандық газеттер әлі де болса партия, совет және шаруашылық ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерді сынау ісін нашар өрістетіп келеді. Соның өзінде, жекелеген партия, совет және шаруашылық ұйымдары газеттердің сынына мезгілінде құлақ аспайды.

Көптеген партия ұйымдарында баспасөз тарату ісіне жеткілікті назар аударылмайды. Әсіресе ауылшаруашылық газеттері мен журналдары нашар таратылып келеді. Совет, Мамлют, Октябрь, Конихов аудандарында кітап саудасы жөніндегі жоспар үнемі орындалмайды.

Қазақстан КП обкомінің пленумы көптеген аудандық партия комитеттерінің МТС және совхоз аймақтарындағы нұсқаушылар топтарының идеологиялық жұмыспен жеткіліксіз шұғылданатынын көбінесе өздерінің қызметін ағымдағы шаруашылық міндеттерді шешумен шектеп, осындай аса маңызды істерге елеулі кемшіліктерді көрмейтінін ерекше атап көрсетеді.

Қазақстан КП обкомінің Пленумы қаулы етеді:

1. Қазақстан КП обкомінің бюросына, қалалық комитетіне, аудандық комитеттеріне, бастауыш партия ұйымдарына еңбекшілер арасындағы саяси жұмысты жүргізудегі жоғарыда аталған елеулі кемшіліктерді жою міндеттелсін.

Бүкіл бұқаралық-саяси жұмыс облыс еңбекшілерін Совет Одағының Коммунистік партиясының XX съезін лайықты қарсы алуға, СОБП Орталық Комитеті январь және июль Пленумдарының қарарларын ойдағыдай жүзеге асыруға жұмылдыруға бағындырылуы тиіс.

Съезд алындағы социалистік жарыс әрбір өнеркәсіп кәсіпорнының бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауына, ауылшаруашылық жылын ойдағыдай аяқтауға, ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға, мал қыстауды үлгілі өткізуге, мал басын арттырып, оның өнімділігін арттыруға бағытталған қажетті шараларды жүргізуге бағытталатын болуға тиіс.

2. Аудандық партия комитеттеріне және бастауыш партия ұйымдарына жұмысшыларға, колхозшылар мен интеллигенцияға Коммунистік партия мен Совет үкіметінің қарарларын, ССРО-ның халықаралық жағдайы мен сыртқы саясатын күнбе-күн түсіндіріп отыруды ұйымдастыру.

коллективтерінің жұмыс тәжірибесін алмастыру өткізіліп, үгіт жұмысының әдістері мен тақырыптары туралы мәселелер талқыланатын болсын. Партия кітапханалары жанында үгіт коллективтерінің жетекшілеріне үнемі нұсқау және консультация беру ұйымдастырылсын. Бастауыш партия ұйымдары секретарьларының оқуын жолға қойып, әрбір бастауыш партия ұйымы секретарьының қажетті саяси, көркем, техникалық және ауылшаруашылық әдебиеті бар өз кітапханасының болуына жетісу керек.

4. Қазақстан КП обкомінің бюросына, қалалық комитетіне, аудандық комитеттеріне лекциялық насихатты жақсарту, партия комитеттерінің лекторлар топтарының, саяси және ғылыми білімдер тарату Қоғамының облыстық және аудандық бөлімшелерінің, мәдениет бөлімдерінің лекторлар топтарының жұмысын жандандыру міндеттелсін. Әрбір елді пунктте қоғамдық-саяси мәселелер жөнінен, жаратылыстану-ғылыми білімдер жөнінен, жарасты тұрмыс туралы айына кем дегенде екі лекция оқылуына жетісу қажет. Қандай да болса саяси жұмыс сияқты, лекциялық насихат та өнеркәсіп, транспорт, ауыл шаруашылығы жаңашыларының озат тәжірибелерін таратуға, техникалық прогресті және ғылымның жетістіктерін насихаттауға бағытталатын болуға тиіс.

5. Қазақстан КП қалалық комитетіне, аудандық комитеттеріне және бастауыш партия ұйымдарына көрнекі үгітті бағалауды жою міндеттелсін. Өнеркәсіп кәсіпорындарында, құрылыстарда, колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде, аудан орталықтарында «Көрсеткіш тақталар», «Құрмет тақталары», ұрандар, фотовитриналар, плакаттар және тағысын тағылар ұйымдастырылсын. Қабырға баспасөзі, «Көрсеткіш тақталар» және «Құрмет тақталары» арқылы социалистік жарыстың және қабылданған міндеттемелердің орындалуы барысы үнемі көрсетілсін. Колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде «Бригада күні», «Мал өсіруші күні» өткізу, шаруашылық-саяси науқандарға арналған радио-газеттерді шығару қолданылсын.

6. Қазақстан КП обкомінің бюросына, қалалық комитетіне, аудандық комитеттеріне, еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтері аткомдеріне:

а) мәдени-ағарту жұмысын бағаламаушылықты жою, клубтарда, кітапханалар-

да. Бұл мекемелерге жем дегенде орта білімі бар даярлығы мол кадрлар орналастырылып, олардың оқуы жүйелі түрде ұйымдастырылсын және олардың жұмыс тәжірибелері таратылсын.

7. Партия және совет ұйымдарының алдына 1955—1957 жылдар ішінде облыстың барлық колхоздары мен совхоздары жашпай радиоландыруды аяқтау аса маңызды міндет ретінде қойылсын. Партия комитеттерінің, комсомол ұйымдарының пленумдары мен активтерінде, совет органдарының сессияларында, жұмысшылардың, колхозшылардың, қызметшілердің жыйналыстарында селолар мен жұмысшы поселкелерін жашпай радиоландырумен байланысты мәселелер талқылансын, бұл жұмысқа еңбекшілердің қалың бұқарасы қатыстырылсын. Қалалық партия комитетіне өнеркәсіп кәсіпорындарының, ведомстволар мен мекемелердің колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға радиоландыру ісін жүргізуде, мәдени-ағарту және бұқаралық-саяси жұмыстарды жолға қоюда көмек көрсету жөнінде қамқорлық жұмыстарын ұйымдастыру тапсырылсын.

8. Кәсіподақтардың облыстық советіне, облыстық комитеттеріне, жұмысшы комитеттері мен жергілікті комитеттерге мәдени-ағарту жұмысындағы кемшіліктерді жою, кәсіподақ ұйымдарының жауапкершілігін арттыру және социалистік жарысты өрістетуде олардың ұйымдастырушылық ролін қамтамасыз ету, қала мен селонның әрбір еңбекшісінің социалистік жарыспен қамтылатын болуына жетісу, қабылданған міндеттемелердің орындалуы барысын үнемі тексеріп отыру және социалистік жарыстың қорытындыларын жасап отыру міндеттелсін.

9. ҚЛКЖО обкоміне, қалалық комитетіне және аудандық комитеттеріне жастарға коммунистік тәрбие беру ісін түбірмен жақсарту, биморальдық қылықтарға — маскүнемдікке, бұзақылыққа және жастар арасындағы басқа да теріс күнбе-күнбілестерге қарсы күресті күшейту, жастарды еңбекке коммунистік тұрғыдан қарау рухында тәрбиелеу, оларға социалистік мораль сезімін сіңдіру міндеттелсін.

10. Облыстық «Ленинское знамя» және «Ленин туы» газеттерінің, «Үгітші блокнотының» редакцияларына, аудандық газеттердің редакцияларына, радио хабарла-

## Күнбағысты қысқа қарай егу

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Облыстың колхоздары қыс қарсаңында күнбағыс егуге кірісті. Егіс негізінен шаршы- ұялы әдіспен жүргізілуде. Серго атындағы МТС-тің механизаторлары Украинаның озат машина-трактор станцияларының үлгісімен шың-жыртабанды бір тракторға тіркелген «СКГ—6» маркалы қос саялқаларды қолдануда. Мұның өзге агрегатты басқаратын адамдардың санын азайтуға, агрегаттың жұмыс өнімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Жаңа жыйналған тұқымды пайдалана отырып, күнбағыс кәзірдің өзінде 600 гектар жерге шаршы-ұялы әдіспен егілді.

Бородулиха, Ново-Покров аудандары ауыл шаруашылығының еңбекшілері қыс алдында күнбағыс егу графигін мерзімінен бұрын орындауда.

Облыстың колхоздары быйығы күзде қыс қарсаңында 10 мың гектар күнбағыс егеді. Бұл — өткен жылдан екі есе көп. Жергілікті жағдайда агрономиялық бұл әдіс өзін толық ақтады. Ново-Шульба ауданының Куйбышев атындағы, Ленин атындағы, Ново-Покров ауданының Молотов атындағы, Андреев атындағы ауылшаруашылық артельдері және басқа шаруашылықтар күнбағысты бірнеше жылдан бері қыс алдында егіп, жылы сайын бұл егіннен гектарына қосымша екі-үш центнерден өнім алып келеді. Оның үстіне олар көптемі егіс жұмыстары кезінде уақыт ұтатын болады. Қыс алдындағы егістің артықшылықтарын ескере отырып, облыстың барлық колхоздары үстіміздегі жылы күнбағысты осы мерзімде егуде.

## Екі миллион пұт қант

Қазақстан қант кәсіпорындарының коллективтері Полтава облысы, Сталин атындағы завод қызметкерлерінің шақыруымен қант өндірудің мемлекеттік жоспарын ойдағыдай орындау жолындағы жарысқа қосылды.

СОБП XX съезінің ашылуын өндірістік тартулармен қарсы алуға ұмтылып, олар белгіленген жоспардан тыс 166 мың пұт қант өндіруді, еңбек өнімділігін 12 процент арттыруды, 920 тонна отын үнемдеуді, өнімнің өзіндік құнын кемітуді ұйғарды.

Қазақстанның қант қайнатушылары маусымға өткен жылдан жақсы әзірленді. Олар алғашқы айдың өзінде-ақ өнімді өткен жылы осы уақыттарыдан 331 мың пұт артық берді. Республиканың барлық бес қант кәсіпорны тапсырманы күн сайын асыра орындап келеді. Олар кәзірдің өзінде екі миллион пұттай

шығарынан ашық шешіледі.

Жұмысшылар арасында, колхозшылар мен интеллигенция арасында жүргізілетін бұқаралық-саяси жұмыс жауынгерлік, өршіл сыйпатта болмайды.

Саяси жұмыста еңбек өнімділігін арттырудың пайдаланылмай жатқан резервтері, астықты және малшаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайту жолдары ашық көрсетілмейді. Еңбек тәртібін нығайтуға, социалистік меншікке ұқыптылықпен қарауды тәрбиелеуге, қоғамдық тәртіпті сақтауға барытталған, мақсүнемдігі, бұзақылықты ашкерелейтін, адамдар санасындағы дін сарқыншақтарының зиянын көрсететін баяндамалар мен әңгімелер сирек өткізіледі.

Бұқаралық-саяси жұмыспен еңбекшілердің тек қана неғұрлым белсенді бөлегі қамтылады да, халықтың едәуірі саяси ықпалдан тыс қалады. Кейде партия ұйымдары жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның қайсыбір топтары арасындағы саяси жұмыстың ерекшеліктерін ескермейді. Әйелдер арасындағы тәрбие жұмысы әлі де жеткіліксіз жүргізіліп келеді. Тәрбие жұмысы әсіресе құрылыс жұмысшылары, жаңа қоныстанушылар, арнаулы қоныстанушылар мен реэмигранттар арасында тым нашарлап жеткен.

Кейбір, облыстық, аудандық басшы партия, совет, комсомол, кәсіподақ қызметкерлері, кәсіпорындар мен мекемелердің басшылары, МТС және совхоз директорлары, колхоз председателдері еңбекшілердің жыйналыстарында саяси баяндамаларды аз жасайды, жұмысшылармен, колхозшылармен, интеллигенциямен қоян-қолтық араласпайды, оларға партия мен үкіметтің саясатын жеткіліксіз түсіндіреді. Мұның өзі бұқарамен байланысты ығырайта беру жөніндегі лениндік нұсқаулардың бұзылуына, былайша айтқанда, басшылардың бұқарадан аулақ кетуіне, бұқарадан қол үзуіне апарып соқтырады.

Көптеген партия ұйымдарында еңбекшілер арасындағы үгіт жұмысын даярлығы кем қызметкерлер жүргізеді. Сөйте тұра, көптеген агрономдар, зоотехниктер, дәрігерлер, инженерлер, мұғалімдер, өндіріс жаңашылары белсенді үгіт жұмысына қамтылмайды.

Үгітшілерді іріктен алу ісі әсіресе Петропавл қаласында (қалалық партия комитетінің секретары Подинов жолдас), Совет ауданында (аудандық партия комитетінің секретары Сверхнов жолдас) және Октябрь ауданында (аудандық партия комитетінің секретары Патюшко жолдас) қанағаттанғысыз болып отыр.

Ленин, Приешім, Мамлют, Петропавл аудандарының бірнеше партия ұйымдарында үгітшілердің оқуы ұйымдастырылмаған. Үгітшілердің жусталық семинарлары сирек өткізіледі, үгіт жұмысынан тәжірибе ауыстыру қолданылмайды. Колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың, өнер-

паздарының ашық болып отыр. Облыста 640 елді пункт болса, солардың 30-ында күні осы уақытқа дейін мәдени-ағарту мекемелері жоқ. Қостанай облысы, Таран ауданы колхозшыларының үндеуіне жауап ретінде мәдени-ағарту мекемелерінің үйлерін салуға колхоздарда бөлінген 9 миллион сомның небары 2 миллион сомға жуығы ғана жұмсалған. Құрылыс ісі әсіресе Мамлют, Булаев және Полудин аудандарында нашар жүргізіліп келеді.

Көптеген клубтар, кітапханалар мен қызыл мүйістер қанағаттанғысыз жұмыс істейді, олар жабықталмаған және лайықсыз үйлерге орналастырылған. Мәдени-ағарту мекемелерінің 775 қызметкері ішінде 540 адамның тіпті орта білімі де жоқ.

Село халқын киномен қамту ісінде де елеулі кемшіліктер бар. Облыстың көптеген елді пункттерінде, әсіресе колхоз бригадаларында, совхоз бөлімшелерінде кинофильмдер үнемі көрсетілмейді, фильмдерді қою сапасы төмен, ауылшаруашылық және ғылыми-өңірлі тақырыптарда кино-картиналар мен журналдар көрсету ұйымдастырылмайды.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқомі, облыстық мәдениет басқармасы, аудандық атқомдер, поселкелік, селолық және ауылдық Советтер, кәсіподақ органдары облыста мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізудегі елеулі кемшіліктерге төзіп, бұл жұмысты жақсарту жөнінде батыл шараларды қолданбай отыр.

Пленум аудандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының, жергілікті Советтердің селондық жалпы мәдениетін көтеру жолындағы күресті қанағаттанғысыз жүргізіп келе жатқандығын ерекше атап көрсетеді. Көптеген елді пункттер көршілмеген, радиоландырылмаған. Радиоландыру ісінде әсіресе Совет, Ленин, Приешім, Преснов аудандары артта қалып келеді.

Кәсіподақ және комсомол ұйымдары еңбекшілер арасындағы мәдени-ағарту жұмысын мүлде нашар жүргізіп отыр. Көптеген өнеркәсіп кәсіпорындарының, совхоздардың және машина-трактор станцияларының кәсіподақ комитеттері жүргізіп отырған жұмыстың дәрежесі бүгінгі күннің өскелең талаптарына сай емес. Жастар мен оқушылар арасындағы тәрбие жұмысы қанағаттанғысыз, оларға еңбек және мәдени дағдылар, үлкендерді сыйлау, жолдастық сезімі нашар сіңдіріледі, ал мұның бәрі жастар мен оқушылардың бір бөлегін түрліше биморальдық қылықтарға итермелейді.

Облыстық және көптеген аудандық газеттер еңбекшілер арасындағы саяси жұмыс мәселелерін жеткілікті дәрежеде шебер жазбайды, партия ұйымдарына саяси үгітті жүргізуде қажетті көмек көрсетпейді. Газет беттерінде социалистік жарыстың барысы, өнеркәсіп және ауыл шар-

уашылық мәдени-ағартушылардың саяси саналылығын арттыра беру, барлық еңбекшілерді советтік патриотизм, пролетарлық интернационализм және халықтар достығы рухында тәрбиелеп отыру міндеттелсін.

Бұқаралық-саяси жұмыстары өрісі тар ағартушылықтан арылып, бұл жұмысты жауынгерлік, өршіл, тақырыптық, өмірмен және колхоздардың, совхоздардың, МТС-тер мен өнеркәсіп кәсіпорындарының алдында тұрған нақтылы міндеттермен байланысты ету қажет.

3. Қазақстан КП обкомінің бюросына, қалалық комитетіне және аудандық комитеттеріне:

а) кәсіпорындарда, совхоздарда, колхоздарда, МТС-терде, интеллигенция арасында кем дегенде 1—1,5 айда бір рет бұқаралық жыйналыстар өткізіп, оларда Қазақстан КП обкомі, қалалық комитеті, аудандық комитеттері секретарьларының, еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтері атқару комитеттері председателдерінің және басқа басшы қызметкерлердің қатысуын және саяси баяндамалар жасауын қамтамасыз ету;

б) үгіт коллективтерінің жұмысын батыл жақсарту, үгітшілердің құрамына адамдарды олардың саяси сауаттылығын және үгіт жүргізуге қабілеттілігін ескерместен қалай болса солай тіркей салу практикасынан арылу, үгітшілерді неғұрлым саяси даярлығы мол коммунистер мен партияда жоқтардан, кәсіпорындардың, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың басшылары арасынан, агрономдардан, зоотехниктерден, инженерлерден, дәрігерлерден, мұғалімдерден, озат өндірісшілер мен колхозшылардан іріктен алу;

в) үгітшілермен жүйелі түрде жұмыс істеу, кем дегенде екі айда бір рет қалалық, аудандық үгітшілер жыйналыстары мен кеңестерін өткізу, оларда бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру және бұқара арасындағы саяси үгіт жұмысынан тәжірибе ауыстыру мәселелерін қарау міндеттелсін.

Бастауыш партия ұйымдары жағында ағымдағы шаруашылық-саяси міндеттер туралы, өндірістік жоспарлардың орындалу барысы туралы, озат колхозшылар мен механизаторлардың жұмыс тәжірибесі туралы үгітшілердің кеңестері апта сайын өткізіліп, бұл кеңестерде сөз сөйлеуге басшы партия және совет қызметкерлері, білімнің әр саласының мамандары, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары, қамтылатын болсын. Үгітшілерді партия оқуы жүйесінің түрлі буындарында саяси оқумен қамтып, оларды қажетті әдебиеттермен және құралдармен қамтамасыз етіп отыру қажет.

Аудандық партия комитеттері жанында бастауыш партия ұйымдары секретарьларының кеңестері мен семинарлары жүйелі түрде шақырылып, таңдаулы үгіт

шілерді, музейде, кинотеатрларда, қызыл мүйістерде жүргізілетін жұмыстың идеялық мазмұнына ерекше назар аударып, оларды социалистік мәдениеттің шын мәніндегі ошақтарына айналдыру;

б) облыстың әрбір елді пунктінде клуб мекемелері мен кітапханалардың болуына, әрбір мал фермасында қажетті мөлшерде саяси және көркем әдебиеті, радиоқабылдағышы немесе репродукторы бар қызыл мүйістің болуына жетісу, мәдени-ағарту мекемелеріне өз орнына пайдаланылмай отырған үйлерді дереу қайтарып беру, клубтарды, кітапханалар мен қызыл мүйістерді қысқы жағдайларда жұмыс істеуге әзірлеу;

баспасөз таратудағы және кітап саудасындағы кемшіліктерді жою, халықты барынша қамтып отырып, 1956 жылға газеттер мен журналдарға жазылуды ұйымшылдықпен өткізу міндеттелсін. Әрбір жұмысшының, колхозшының, қызметшінің, интеллигенттің үйінде газеттер, журналдар, кітаптар болсын;

в) барлық колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда мәдени-ағарту үйлерін салу туралы Қостанай облысы, Таран ауданы колхозшыларының үндеуін талқылау жөнінде қабылданған міндеттемелердің орындалуы талқыланып, мәдени-ағарту мекемелерін салуға колхоздар болған қаржылардың 1955—1956 жылдары жұмсалуына жетісу керек;

г) село халқын киномен қамту ісі жақсартылып, колхоз бригадалары мен совхоз бөлімшелерін қосқанда, әрбір елді пунктте кинофильмдер кем дегенде айына екі рет көрсетілетін болуға тиіс.

д) 1956 жылдың январына дейін мәдени-ағарту мекемелерінде жұмыс істеуге 300 коммунист және комсомолец жібері-

лық-саяси жұмыс мәселелерін шебер көрсету, үгітшілерге көмек ретіндегі материалдарды үнемі жариялап отыру, насихатшылық және үгітшілік жұмыстың тәжірибесі туралы мақалаларды, таңдаулы үгітшілердің мақалаларын үздіксіз жариялап отыру міндеттелсін.

11. Қазақстан КП обкомінің бюросына және аудандық комитеттеріне аудандық партия комитеттерінің МТС және совхоз аймақтарындағы нұсқаушылар топтарының жұмысындағы кемшіліктерді жою, сойтіп бұл топтар МТС, совхоз және совхоз партия ұйымдарына саяси және мәдени-ағарту жұмысын жүргізуде көбірек көмек көрсететін болуына жетісу міндеттелсін.

12. Еңбекшілер арасындағы саяси жұмыстың идеялық дәрежесі көбінесе партиялық насихаттың қойылысына байланысты болатынын ескере келіп, Қазақстан КП обкомінің бюросына, қалалық комитетіне, аудандық комитеттеріне және бастауыш партия ұйымдарына партия мүшелері мен кандидаттарының саяси оқуын жақсарту, маркстік-лениндік теорияны насихаттау ісіндегі, үйірмелердің, саяси мектептердің, теориялық семинарлардың жұмысындағы кемшіліктерді жою міндеттелсін. Партия оқуы жүйесіндегі 1955—1956 оқу жылының ұйымшылдықпен өткізуі қамтамасыз етілсін.

\*\*\*

Қазақстан Коммунистік партиясы облыстық комитетінің VIII пленумы коммунистерді, комсомолецтерді, идеология мәйданының барлық қызметкерлерін еңбекшілер арасындағы саяси жұмысты ұйымдастырудағы оқылықтармен батыл күресуге және осы негізде облыстың халық шаруашылығы мен мәдениетін оған әрі өрге бастыру жөніндегі міндеттердің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етуге шақырады.

## Жаңа міндет белгіленді

«Пламя» колхозы бастауыш партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы сын мен өзара сын кеңінен өрістетілген дәрежеде болып өтті. Ұйымдағы 13 коммунистің 10-ы жарыссөзге шығып сөз сөйледі. Олар колхоздың малшаруашылығы мен өгін шаруашылығын оған әрі дамыту жөнінде, ауыл мәдениетін гүлдендіре түсуде істелген жұмыстармен қатар орын алып келген кемшіліктерді, ол кемшіліктерге жиналған жолдастарды батыл сынап, алдағы уақытта бұл жұмыстарды жақсарту жөнінде өз пікірлерін білдірді.

Ұйым секретары Синенко жолдас, — деді коммунистер Омаров, Борисенко, Гильгенберг жолдастар өздерінің сөздерінде, — колхоз жұмысынан, коммунистер мен комсомолецтердің ішкі өмірінен тыс қалып келді. Ол ұйым жұмысын шын

мәнісінде бетімен жіберді. Колхозда үгіт-көшілік, бұқаралық-саяси жұмыс мүлде жүргізілмеді. Колхоз басқармасының жұмысына бақылаудың жоқтығынан көптеген оқшылықтарға жол берілді. Еңбек тәртібін бұзушылар көбейіп кетті. 48 колхозшы міндетті еңбек күн минимумын орындай алмады.

Жыйналыс коммунистер алдына дәлді дақылдар егісін өгуді арттыру және одан мол өнім алуға жетісу жөнінде, сондай-ақ мал шаруашылығын өркендетіп, оның басын көбейтуге, өнімін арттыруға жетісу туралы жаңа міндеттер қойды. Ұйым секретарьлығына колхоз механигі Бут жолдас сайланды.

И. ЕСҚАРАЕВ,  
Октябрь ауданы.

шақпақ қант пен құмшекер берді.

Еңбек өнімділігі үздіксіз артып келеді. Бұған еңбекті көп керек ететін процесстерді механикаландыру, технологияны жетілдіру көмектесуде. Жамбыл комбинаты мен Алматы заводында көзгі уақытта қызылшаны автомашиналардан механикалық жолмен түсіретін жаңа тетіктер сынауда. Мұның өзі көптеген жұмысшіні басқа жұмысқа босатады. Талдықорған заводында салмағы 100 грамм қызылша тілінділерінің ұзындығы 19 метрден 25 метрге дейін ұзартылды. Тілінше және теп-тегіс тілінді қантты сілтіден неғұрлым толық айырып алуға, сойтіп қанттың ысырабын азайтуға мүмкіндік берді.

(ҚазТАГ).

## Механикаландырылған жаңа май заводы

НОВАЯ-ШУЛЬБА. (Семей облысы). (ҚазТАГ). Новая-Шульбадағы механикаландырылған май заводы іске қосылды, ол сарымай және құрғақ сүт өндіреді. Жаңа кәсіпорын арнап салынған үлкен үйде орналасты, оның негізгі алты цехы мен көмекші екі участогі бар. Кәсіпорын көзгі заманның жабықпен қаруланған, жыл сайын үш мың тонна сүт өңдейді. Заводта үздіксіз-үдемелі өдіспен май өндіретін жоғары өнімді линия монтажданды. Бұл линия смена сайын 300 килограмнан 500 килограмға дейін бірінші сортты өнім бере алады.

Жаңа заводтың коллективі Октябрьдің 38 жылдығы мен СОКП XX съезі құрметіне еңбек вахтасына тұрды. Ол тәуліктік өндіріс графигін күн сайын асырып орындауға міндеттенді.

## Малдың бәрі де жоғары өнімді

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Орталық Қазақстанның малшылары өткен ауылшаруашылық жылының қорытындыларын шығаруда.

Қарағанды совхозының коллективі тамаша табыстарға жетті. Мұнда әрбір сығанды орта есеппен 2.556 литр сүт сауылды, әрбір жүз сыйыр мен тұмса сыйырдан 91 бұзау өсірілді. Қыста сауын малы мұнда түгелдей автоматты науалармен жабдықталған ішкі жылы және жарық қораларда күтіледі. Июньнен сентябрге дейін малға қосымша көкшөп беріледі. Көкшөп көнвейерінде, беде, сыйырқоңысқа-сұлы қоспасы, жүгері, тамыржемістер болады. Малдың өнімділігін арттыру үшін жүгері егісінің көлемі ұлғайтылды. Совхоздың егіс даласында осы бағалы дақылдың 156 сорты сыннан өткізілді. Көптеген учасоктерде олардың гектарына сүрленетін 70 тонна көкшөп пен 7 тонна собық алынды.

# АДАМДАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ МЕН ЕРКІН ТӘРБИЕЛЕУ

Совет адамдарының аса жоғары адамгершілік қасиеттерінің бірі олардың ізгі мінез-құлқы мен темірдей берік еріктері болып табылады. Ал сонда ізгі мінез-құлқ және темірдей берік ерік дегеніміз не? Оларды қалай тәрбиелеуге болады?

Мінез дегеніміз — адамның өз жолдас-тарына, өз ісіне және жеке өз басына қарым-қатынасынан қалыптасатын амал. Кішіпейілділік, шыншылдық және басқалар сияқты адамның басында болатын шынайы қасиеттер мінез-құлққа жатады. Ал бұл мінез-құлқтарды адамның мейінінде болатын аса күрделі процестер тудырады. Орыстың ұлы ғалымы академик Иван Павлов адамның мінез-құлқын білу арқылы оның қайсыбір жағдайларда қандай әрекет істейтінін және бұл жағдайда ол өзін өзі қалай ұстайтынын алдын ала білуге болады деп айтқан болатын.

Мінез-құлқ тума қасиет те емес, өзгермейтін қасиет те емес. Бұл қасиет адамның бүкіл өмірі бойына қалыптасып отырады. Адамның мінез-құлқы ең алдымен оның әрекеттері мен істері үстінде қалыптасады. Мәселен, кездейсоқ бір жағдайда көрсетілген батылдық ол адамның мінез-құлқына толық сыйпат бола алмайды. Шындығында батылдық дегеніміз егер ол тек өмірде бір-ақ рет ғана емес, жүйелі түрде көрсетіліп отырылған жағдайда ғана мінез-құлқтың бөлінбес бір бөлегі бола алады.

Адамның мінез-құлқы оның өзін қоршаған дүниеге көзқарасымен және қарым-қатынасымен белгіленеді. Сондықтан да оған ол өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік орта көбірек әсер етеді. Мәселен, совет адамдарына ең алдымен советтік қоғам өзінің игі өсерін тигізеді. Ол совет адамының мінез-құлқында еңбекке, қоғамдық мүлікке коммунистік көзқарастың, тәртіптіліктің, ұйымшылдықтың, коллектившілдіктің және басқа аса маңызды қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіншілік береді.

Мінез-құлқ дегеніміз ең алдымен адамның еркіне тығыз байланысты. Сондықтан да ерік күшін мінез-құлқтың айнымас серігі, оның жоғарғы шыңы деп орынды атайды. Ал ерік деп адамдардың өз әрекеттерінде алға қойған мақсатқа жету үшін және бұл мақсатқа жету жолындағы кездескен қиыншылықтарды жеңу үшін саналы түрде ұмтылушылығын түсінеміз. Алға қойған мақсатқа жету үшін адам өзі кедергіге кез болады: оның бірі іштей, екіншісі сырттай кездесетін қиыншылықтар. Іштей кездесетін қиыншылықтар дегеніміз бір-біріне қайшы өсі

Бұл жағдайда оған екі түрлі және бір бірі не қарама-қайшы ой келеді. Біріншісі — қатарға қайта қосылам деген үміт үзіліп болған соң өмір сүрудің не қажеті бар? Ал екінші ой оған қарама-қарсы — қайткенмен халыққа, адамдарға пайдалы болу қажет. «Өмір төзгісіз қыйын болып кеткенде де өмір сүре біл. Оны пайдалы ет». Бірнеше сағат бойғы аршалыққан ойдан кейін Корчагин осындай қорығандыға келіп, қатарға қайта қосылу үшін қажырлы күрес жүргізеді.

Ерік сыртқы кедергілерді жоюға да көмектеседі. Мәселен, мына бір фактіні алайық: Отан соғысының ауыр күндерінде советтің тамаша ұшқышы Алексей Маресьев жаумен күрес үстінде катастрофаға ұшырайды. Самолеттен құлап түскеннен кейін ол аярынан жараланып, жүру мүмкіншілігінен айрылады. Бірақ қайткенмен жау қоршауынан құтылып, совет жеріне оралу мақсаты оны қаншалықты зор қиыншылық болса да алға итермелейді. Оның барлық ерік күші қайткен күнде де алға ұмтылуға қарай сүйрейді. Сөйтін ол өзінің дегеніне жетеді де. Ал екі аяғын бірдей жастіргеннен соң ол енді мүгедек болдым деп ойына да алмайды. Отан жауларымен күресушілердің қатарына қосылуға ұмтылушылық Маресьевтің қандай қиыншылықтарды болса да жеңіп шығуына көмектеседі. Ең ақырында, екі аяғы бірдей жоқ патриот ұшқыш жау самолеттерін қырып ұшыратып, Совет Одағының Батыры деген құрметті атаққа ие болады.

Ерік күші мол адамдардың мысалы ретінде Ұлы Октябрь социалистік революциясын дайындау кезінде жұмыс істеген подпольщик коммунистерді атап өтуге болады. Ал бұлардың ең бірінші қатарында ұлы революционерлер Ленин мен Сталин, Дзержинский мен Свердлов және басқалары жүрді.

Совет адамдарының қайсысы болса да ұлы Лениннің аса жоғары адамгершілік қасиеттері мен өмірде теңдесі жоқ ерік күшінен үлгі алады. Шынында да, Ленин сияқты ері қаралаймы, ері кішіпейіл, ері шыншыл, ері адал, ері әділетті, ері шынжүректі, ері принципаалды, ері табанды, ері батыл, ері көреген, ері данышпан болуды алдына мақсат етіп қоймайтын совет жастары жоқ. Өзінің өмір жолында, іс әрекетінде ұлы Владимир Ильич Ленинге аз да болса ұқсағаны келмейтін совет адамдары мүлде жоқ деп үзілді-кесілді айтуға болар еді. Шынында да, біздер, совет адамдары үшін және бүкіл дүние жүзіндегі

менгеру арқылы совет адамдары өздерінің өмір мақсаттарын соншалықты терең, соншалықты айқын түсіне алады.

Ойға алған істі орындауға ұмтыла білу — ерікті тәрбиелеуде аса күшті маңызы бар. Расында, егер адамда алға қойған істі орындауға ұмтылушылық сыбыр болса, ол адамда ерік күші ойдағыдай деп айтуға болмайды. Азамат соғысының атақты батыры Г. И. Котовский ойға алған істі орындауға ұмтыла білу — аса үлкен күш деп атап көрсеткен еді. Шынында да Котовский сияқты адамдар үшін мақсат еткен істі орындауға ұмтыла білушілік — Маниловтың қиялы сияқты емес, қайта ол осы мақсатты орындау жолында кездескен қандай да болмасын қиыншылықты қайрататын бөгетсіз күш.

Кей уақытта өмірде бұған керісінше оқиғалар да болады. Жақсы мақсаттың тек қиял дүниесіндегі арман болып қалатындары да аз болмайды. Сондықтан да әрбір адам өзінің алдына қойылған мақсатқа жетуі «шіркін-ай, мен осылай етсем» деп қиялданбауы керек, керісінше «мен осыған жетемін, қайткенмен де осыны орындаймын» деп сенімді түрде іске кірісу керек.

Адамдарда еңбек үстінде түрлі психикалық қасиеттер қалыптасады. Бұл қасиеттерге ерік пен мінез-құлқ та кіреді. Ал бұл қасиеттерді тәрбиелеуде еңбекті дұрыс ұйымдастырудың, атап айтқанда жұмыс күнін дұрыс бөлудің үлкен маңызы бар. Шынында да ерік дегеніміз дұрыс ұйымдастырылған еңбек деп тегін айтылмаған. Әресе, үнемі белгіленген бір уақытта жұмыс істей білудің зор маңызы бар.

Павлов өзінің еңбектерінде еңбекті дұрыс ұйымдастырудың зор маңызы бар екендігін атап көрсетеді. Мәселен, ол еңбекті дұрыс ұйымдастырған жағдайда адамның нерв жүйелері өнімді жұмыс істеуге мүмкіншілік беретіндігін тәжірибе жүзінде дәлелден берді. Сонымен қатар ұлы оқымысты жұмыс пен еңбекті дұрыс ұйымдастырудың пайдалы екендігін де қатаң ескертті.

Адам өмірінде қиыншылықтар пен бөгеттер аз кездеспейді. Ал оларды жеңу үшін табандылық және сенімділік керек. Бұл жағдайда организмді шынықтырудың және физкультурамен үнемі шұғылданып отырудың зор маңызы бар.

Мінез-құлқ пен ерікті тәрбиелеу — аса қажетті қасиет. Ең алдымен адам өзін-өзі алға қойған мақсатты орындауды жүзеге асыруға үйретуі керек. Ал мінез-құлқ пен ерікті тәрбиелеу адамның өз бойындағы кемшілікті жоюдан басталуға тиіс.



МОСКВА. Астананың Оңтүстік портына еліміздің әртүрлі түпкірлерінен жаңа егіннің өнімдері мен астығы тиелген транспорттар келіп жатады. Үстіміздегі жылы астық тиелген кемелерден астық түсіруді тездету үшін портың краны және пневматикалық астық түсіргіштің көмегімен астықты үдемелі түрде түсіру әдісі қолданылуда.

СУРЕТТЕ: Астананың Оңтүстік портында Кубань бидайымен келген «Осетия» теплоходынан жүкті үдемелі әдіспен түсіру.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

## Лекциялар оқылды

Петропавлдағы ауылшаруашылық техникумында студенттер үшін саяси және ғылыми тақырыптарға арналған лекциялар жиі оқылып тұрады. Бұл лекцияларды техникум оқытушылары әзірлейді. Мәселен жақында В. И. Лениннің комсомолдың үшінші съезінде сөйлеген тарихи сөзіне арналған лекция болды. Лекциядан кейін комсомолдер арасында алда тұрған міндеттер жайында қызықты әңгімелер өткізілді. Сол сияқты, табиғаттың ұлы өзгертүшісі Иван Владимирович Мичуриннің туғанына 100 жыл толуына арналған лекция да қызықты өтті. Лекцияны статистика шөнінің оқытушысы Р. Путятина жолдас оқыды.

## С. АБЫЛҚАСОВ.

## Картоп-овощтан түскен түсім

Полудин ауданының «Путь социализма», «Пламя революции» және Сталин атындағы колхоздары быйыл картоп-овощ егістерінен мол өнім алды. Аталған шаруашылықтардың әрқайсысы мемлекеттік сауда орындарына 300 центнерден картоп сатты. Ал, Чапаев атындағы колхоздың картоп пен овощтан алған кірісі 100 мың сомға жақын. Ауданның Ленин атындағы, Тельман атындағы және

# Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелейміз

Еңбек орта мектебі облысымыздағы көптегі оқу орындарының бірі. Тек соңғы он жылдың ішінде ғана бұл мектептен 300-ге жуық жастар орта дәрежелі білім алды. Олардың басым көпшілігі бұл күндері жоғары оқу орындарын бітіріп, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының түрлі салаларында ел игілігі үшін еңбек етіп жүр.

Уақыт озған сайын ғылым өрісі де кеңейіп, жасөспірімдерді тәрбиелейтін оқу орындарының алдына қойылар талап та күрделілене түсіп келеді. Бұдан 5-6 жыл бұрын орта мектепті бітірушілердің басым көпшілігі жоғары оқу орындарына баруды көбірек мақсат ететін еді. Ал бұл күндері бұл дәрежедегі жастардың көпшілігі он жылдық біліммен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс істеуді қалап отыр. Сондықтан да орта мектеп бұрынғына жоғары оқу орындарына ғана болашақ студенттерді дайындайтын орын емес, сонымен қатар ол білімді әрі еңбексүйгіш, өмірге көз-қарасы терең саналы адамдарды тәрбиелейтін игі орын болып отыр.

Біздің мектепте 200-ден астам оқушылар оқиды. Ал бұл мектепті өткен жылы бітіріп шыққандардың бірқатары қазір ауыл шаруашылығында қажырлы еңбек етіп жүр. Мұның өзі мектеп үшін де үлкен аброй. Өйткені олар сияқты еңбексүйгіш жастарды тәрбиелеп шығарған мектеп туралы жұртшылық жоғары пікірде.

Орта мектепте балаларға ғылымның көптеген негіздері бойынша алғашқы мәліметтер беріледі. Мектеп оларды тек жалаң теорияны кітап жүзінде ғана білуге үйретпейді, сонымен қатар мектеп мұғалімдері жасөспірімдерді класта алған теориялық білімдерін практикада жүзеге асыра алуға да баулыды.

Мектептің оқытушылар коллективі оқу жылының алғашқы күндерінен бастап балаларды еңбекке, еңбексүйгіштікке баулу шараларын жүзеге асыру туралы арнаулы мәселе талқылап, бұл салада біраз жұмыстарды жүргізу қарастырылған болатын. Соның бірі — бесінші, алтыншы класс оқушыларын шеберлікке үйрету пәнін жүргізу еді. Қазір мектебімізде бұл сабақ жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Оны тәжірибелі ағаш шебері Ваганов жолдас оқытады. Рас Вагановтың педагогикалық шеберлігі оншалықты емес. Ал бұл жағдайда мектеп мұғалімдері оған көмек береді.

Жоғары класс оқушылары быйылғы

жылы автомобиль машиналарын жүргізуді үйренуге тілек білдірген болатын. Образцова МТС-і дирекциясының көмегімен біз бір жүк машинасын алдық. Ол машинаның құрылыстарымен оқушыларды шефер Усманов жолдас таныстырып жүр.

Мына жағдайды айта кету керек: техникалық сабақтар жүргізілген кезде шөлі техникалық пәндердің мұғалімдері техниканы үйрену үстінде оқушыларға оның теориялық мәні туралы да үнемі түсінік беріп отырады. Соның нәтижесінде, мәселен, автомобиль жүргізуді үйрену сабағында физика пәнінің мұғалімі Қожабеков жолдас өз сабағын осы тәжірибе жұмыстарына байланыстыра жүргізіп келеді.

Пән кабинеттерінің жұмыстарын жақсарту оқушыларды еңбекке тәрбиелеуде зор роль атқарады. Сондықтан да біз быйылғы жылы физика және химия кабинеттері үшін 1500 сомның көрнекі құралдарын сатып алған едік. Оқытушылар Әбішев және Мусин жолдас өз сабақтарында бұл көрнекі құралдарды кеңінен пайдаланып, лабораториялық жұмыстар кезінде оның қызметтері туралы мүмкіндігінше толық мәлімет беруде.

Жазғы каникул кезінде 90-нан астам мектеп оқушылары колхозға көмектесті. Бұл жағдайдың мектеп үшін өкі жақты пайдасы болды. Біріншіден, оқушылар колхоз даласындағы жұмыстардың негізгі түрлерімен толық танысты. Екіншіден, оқушылардың еңбексүйгендеріне берілген астық мектептің жалпы оқу қорын көбейтті.

Әрине, біздің политехникалық оқуды жүзеге асыру жөніндегі істеген жұмыстарымыздан алда істелінер жұмыстар көп. Бірақ мына жағдайды жасыруға болмайды: мектеп жанынан ұйымдастырылуға тиісті қолөнер мастерскойы үшін қажетті құрал-аспаптарды таба алмай отырғандығымызға үш айдан асып барады. Жұырда осы үшін Петропавл қаласына арнаулы адам да жібердік. Не пайда, облыстық оқу бөлімі де, аудандық мекемелер де біздің бұл мұқтаждымызды қанағаттандыруды еске алмай-ақ келеді.

Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу — мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарындағы келелі мәселе. Сондықтан да біз қолдан келген күш-мүмкіншілікті бұл міндетті ойдағыдай орындау жолына жұмылдырудамыз.

**Б. ТЕМІРБОЛАТОВ,**  
Ленин ауданы, Еңбек орта мектебінің директоры.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

## Аты бар да, заты жоқ

Колхозымыз ұйымдық-шаруашылық тынды деп өсетпек, радио торабының

ара қайшылығы. Мәселен кей адамның киноға барғысы келеді. Өйткені онда қызықты картина көрсетіліп жатыр. Бірақ, екіншіден, оған өте тығыз бір жұмысты орындау керек. Ерік күші мұндай жағдайда осы екі істің қайсысын орындау дұрыс болады деген саналылыққа негізделіп, ал-гі екі ұмтылушылықтың қайсысы орынды болса, соны орындатады. Сөйтін құмар-шылықты ақылға жеңгізеді.

Советтің тамаша жазушысы Николай Островский өзінің «Құрып қалай шынық-ты» деген кітабында осы ішкі күресті тамаша суреттейді. Мәселен, мұнда Бор-чагин өз ауруының жазылмайтындығын сезеді. «Қатарға қайтадан тұруға ешқан-дай үміт жоқ жағдайда не істеу керек?

Советтің адамдары үшін басты міндеті Лениннің өміріндегі әрбір саты теңдесі жоқ үлгі болып табылады. Ильичтің өмір-баянын оқып отырып, совет адамдары бұл тарихта теңдесі жоқ ұлы адамның мінез-құлқын және еркін тәрбиелеудегі аса зор маңызды үлгісінен өздеріне өнеге алады.

Совет адамдары өмірінің мақсаты— коммунистік қоғам орнату. Адам марксистік көзқарасты неғұрлым терең әрі твор-чествольқыпен меңгерген сайын оның ал-дына қойған мақсаты да солғұрлым жар-қын болады және оның солғұрлым ерік күші мен мінез-құлқы үлгілі дәрежеде қалыптасады. Сондықтан да совет адамдары-ның мінез-құлқы мен еркін тәрбиелеуде марксистік көзқарасты меңгерудің өте зор маңызы бар. Өйткені бұл көзқарасты

Сондықтан да пролетариаттың ұлы жазу-шысы Максим Горький «өз бойындағы кемшілікті жоюда аздаған болса да жеңіс-ке жету адамды бұрынғыдан әлдеқайда күшейтеді» деп жазған болатын.

Сөйтін, мінез-құлқы пен ерік адамның бүкіл өмір бойы тәрбиеленетін қасиет. Ол ең алдымен қайынышылықтарды жеңу про-цестерінде қалыптасады. Ал ізгі мінез-қу-лық пен темірдей берік ерікке не болғысы келмейтін адам жоқ. Мұның өзі заңды да. Өйткені совет адамдарына коммунизм қо-ғамы үшін күресте аса күшті ерік пен ізгі мінез-құлқы өте қажет.

Қ. БЕИСӨЕ.

Сауда қолхоздары да мемлекеттік сауда орындарына қартеп-овощ сатудан көп пайда тапты.

Т. ҚҰЛАТАЕВ.

### Жастар фермаларға баруға

Преснов ауданының қолхоздарында мал фермаларында жұмыс істеуге тілек біл-дірген комсомолдар мен жастардың саны күн санап көбейе түсуде. Аманкелді атындағы қолхоздың 11 комсомол-еңі фер-маға баруға тілек білдірді. Қолхоз басқар-масы олардың тілегін қанағаттандырды.

«Новый свет» қолхозы мен Буденный атындағы совхоздың және басқа шаруа-шылықтардың комсомол-жастары да фер-маларға баруға тілек білдірді.

А. ДӨРМЕНОВ.

териалдық әл-ауқаты мен мәдени тұр-мысы барған сайын жақсарып келеді. —Тұрмыс барған сайын көңілді болып баратын!

Бұл сөзді біздің артель мүшелерінің аузынан жиі естуге болады. Ал ауқатты тұрмыс, мәдениетті тұруға мүмкіншілік беретіні өзінен өзі белгілі. Сондықтан да бұдан бес жыл бұрын қолхозшылар село-да радио торабын орнату туралы қолхоз басқармасының алдына тілек қойған бо-латын.

Жасыратыны жоқ, артель мүшелерінің бұл орынды тілегі жүзеге де асты— қол-хоз орталығында 100 топчалық радио торабы салынып, ол жұмыс істей баста-ды.

Бірақ қолхоз басшылары іс тек осымен

сауды естен шығарды. Керек десе, олар радио торабын жүргізуге қолынан іс ке-летін адам тағайындауды да ұмытты. Со-ның салдарынан қолхозшылар үйіндегі радио топчаларының сөйлеуінен, үнсіз тұруы көп болып отыр.

Бұл жағдай туралы жыйналыстарда аз мәселе көтерілген жоқ. Тегі, өңгіме көте-рілмесін деген болулары керек, жұырда қолхоз председатели Рыспаев Мырзахме-тов деген қолхозшыны радио торабына жауапты адам етіп тағайындады. Бірақ бұл адамның радио торабы туралы еш-қандай мәліметі жоқ екендігі оны қы-жылтпады да. Ал нәтиже еш өзгеріссіз қалып отыр.

К. КӘЖІКЕНОВ.

## КӨРМЕНІҢ ӘСЕРІ

«Өнеркәсіп» павильонынан шығып, «астық» павильонына қарай бет алған бір топ адам өзара әңгімелесіп келе жат-тыр. Олардың біреулері заводтардың, фа-брикалардың экспонаттарын мақтай сой-лесе, біреулері кәсіпшілік артельдерінің, комбинаттардың өнімдерін мақтайды. Ал, енді біреулері кейбір кәсіпорындарының артта қалып келе жатқандығына қын-жылған пікір айтады.

—Ия, —дейді олар бір дауыспен, — қала көшіп орындарында пайдаланылмай жатқан резервтер көп-ақ. Солар толық пайдаланылған болса «өнеркәсіп» павиль-оны бұдан да бай, бұдан да көрікті болған болар еді...

Осы кезде бұл топқа қолына таяқ ұс-таған, сақал-мұрты аспақ бір қарт адам келіп қосылды. Оны төрт-бес адам ортаға алып, күрмеінен қолтығынан демей ұс-тап, «астық» павильонына алып келеді. Қарттың да «өнеркәсіп» павильонынан шыққан беті осы еді. О да экспонаттарды қызықтай айтып, сөзге араласа кетті.

—Менің фамилиям Горбатов, —деді ақ-сақал қоршап келе жатқандарға өзін та-ныстырғысы желіп.—Көптен бері осы Петропавл қаласында тұрамын. Жасым болса 70-тен асып барады. Қаланың қалай өсіп келе жатқаны маған бес сауса-ғымдай мәлім. Өлгі көргендеріңнің бірде-бірі бұдан 38 жыл бұрын бұл қалада болмайтын. Осы тамаша экспонаттар соң-ғы жылдардың игілігі.

—Маған өте ұнағаның бірі, —деді ақсақал сөзін одан әрі жалғастырып, — «Қаланың селоба көмегі» деп аталатын стенд. Мұнда көп істерді көруге болады. Аз уақыттың ішінде қала көсіні орындары ауыл шаруашылығына 4000 двига-тель, 500 жүгері отырғызып, 240 ас-тық тиегіш, 163 вагонша, 200 жылжы-малы кухня, 20.000-нан астам әр түрлі кітаптар және басқа да көп құралдар

берген. Жақсы бастама, енді осыны өріс-тете түсу керек-ақ.

Осылайша кеңесіп келе жатқан бұл топ жүбін жазбастан «астық» павильонына келіп кірді. Мұнда да оларға өте ұнаған стендтер, экспонаттар көп болды. Әрқай-сысы қай экспонатты болса да байқаусыз қалдырмай, зейін қоя қарап жүр. Біреу-лері өзіне қажетті қағазына жазып ала-ды да, біреулері экскурсоводтардан стенд жайын сұрап алады. Ал, экскурсоводтар да әр сұраққа толық жауап беріп, экскур-сантшыларға жалықпай қызмет етеді.

Павильонның кіреберіс оң жақ қабыр-ғасы Полудин ауданының стенді мен басталады да, одан әрі Октябрь, Мамлют, Ленин, Конохов, Булаев, Петропавл, Прес-нов, Приешім, Соколов аудандарының стендтері, ал солжақ қабырғасы Совет ауданының стендімен аяқталады. Совхоздар стенді орталықта —төртін орын алған. Экскурсантшылар әр ауданға арналған стендтерді осы тәртіппен қалдырмай, аралап келеді.

—Біздің облыстың ауа райының және жерінің жағдайында, — деді Конохов ауданы, «Путь Ленина» қолхозының № 2 егіс бригадасының бригадирі А. Пуртов жолдас егендтерді нұсқап, —«жүгері көп өнім бермейді» деген ертегі жоқ-қа шыққан жоқ па. Көрдіңіздер ме, Совет ауданындағы Каганович атындағы қол-хоздың жүгерінің әр гектарынан 220 центнер, Ленин ауданындағы «Бірлік» қолхозының 330 центнер, Полудин ауданындағы Буденный атындағы қолхоздың 400 центнер, ал Чистов совхозының бәрі-нен де асырып— 470 центнер көкше ал-ғандығын. Бұлардың собықтай алғандары да аз емес. Маған жүгері өсірушілердің бұл жеңісі зор әсер етті. Біздің қолхозда быйыл жүгеріден онша көп өнім алын-бады. Оған өзіміз винәлі екенбіз. Өйткені біз жүгері өсірудің агротехикасын толық

жүзеге асыра алмашық. Әрине, бұл бізде болған елеулі бір кемшілік.

Бұдан кейін ол өзінің жүгері өсіруші шеберлермен осы көрмеде кеңескенін, олардан едәуір жаңалықтарды үйренгенін және оны өз қолхозына барған соң жол-дастарына айтатынын білдірді. Оның бұл пікірін Горбатов қарт та қуаттап, былай деді:

—Дұрыс айтасың, сіздің қолхозшылар жер өңдеуді, тұқым сіңіруді, егін күтуді мына қолхоздардағыдай жүргізе білген болса, сөз жоқ, онда көп өнім алған бо-лар еді. Сондықтан көрмеден көргенінді, алған әсерінді айта барамын дегенің орынды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішін-дегі ең бағалы дақылдардың бірі —бидай. Солай болғандықтан ба, өнімнің бұл түрі жөніндегі экспонаттар экскурсантшылар-дың назарын ерекше аударуда. Олар әр-бір қолхоз бен совхоздың өсірген бидайын қадағалап қарады. Өңделген жерге, оның сапасына, себілген тұқымның сорттарына, әр гектарға қанша тұқым себілгеніне, оның қай мезгілде, неше күнде отырғы-зылғанына дейін көңіл бөлді.

Экскурсантшылардың жаңа бір тобы Октябрь ауданы Сталин атындағы қол-хоздың, Ленин ауданы «Орталық» қолхо-зының сабақта тұрған және соғылып, та-зартылған бидайларын көліп көрді. Сталин атындағы қолхоз 220 гектар, «Ор-талық» қолхозы 40 гектар егіннен 12 центнерден өнім алған. Мұны жақсы өнім деп келе жатқан олар Хрущев атындағы жаңа совхоздың 623 гектар бидай егіннен 14,8 центнер, ал Преснов ауданы, Хру-щев атындағы қолхоздың «гордейформ— 10» тұқымын сепкен 23 гектар алаңнан 18 центнер өнім алғанын сүйсіне қара-ды. Сөйтті де экскурсоводтан мұндай мол өнімге аталған шаруашылықтардың қалай жетіскенін сұрады. Экскурсовод— аг-

роном Бюр Борис Людмилович қойылған сұрақтарға байыппен жауап берді.

—Бұл жақсы өнім, — деді Полудин ауданы, «Красный октябрь» қолхозынан келген экскурсантшы қолхозшылар Лу-качев, Шайдур жолдасар жұрттың назар-ын өздеріне аударып, —біздің облыс-та бұдан да көп өнім алуға мүмкінші-лік бар еді. Бірақ, көп қолхоздар егіндік жерді нашар өңдегендіктен, егінді күтуге жүрдім-бардым қарағандықтан төмен өнім алып келе жатқан жоқ па. Жеріміз-дің құнары оңды болса да, өнімі нашар болып жүргені осыдан ғой деймін.

Осындай қызу әңгіме үстінде олар қар-топтың гектарынан 100 центнерден өнім алған Булаев ауданындағы Буденный атындағы қолхоздың, қапустаның гекта-рынан 400 центнерден өнім алған Петро-павл совхозының, малазығындық қызыл-шаның гектарынан 280 центнер өнім алған Конохов ауданы «Красная кре-пость» қолхозының, асқабақтың гектары-нан 486 центнерден өнім алған Приешім ауданы Буденный атындағы қолхоздың экспонаттарын көрді. Сондай-ақ, басқа да қолхоздар мен совхоздардың тарыдан, сұлыдан, күнбағыстан, қырдан, қауын-нан, оғуршыйдан, темекіден алған жоғары өнімдерін көріп, танысты.

Барлық стендтерді аралап, Совет ауданының стендіне келгенде Преснов совхо-зының агрономы С. К. Невичаный көрме қызметкерлеріне мынадай пікір айтты:

—Рас, біздің облыста, —деді ол,—ас-тық өндірісін арттыру күресінде бірқатар елеулі жұмыстардың істелгендігін көрме-ден көріп отырмыз. Бірақ көрмеде қолхоз ғалымы Т. С. Мальцевтің жер өңдеу жө-нінде ашқан жаңалығын облыс қолхозда-ры мен совхоздарының жүзеге қалай асы-рып жатқанын көрсетерлік құнды еште-денің жоқтығы қынжыларлық іс. Маль-цев өдісінің жемісі сөз жоқ көрмеден өзі-нің лайықты орнын алу керек еді.

«Мал шаруашылығы» павильонында экскурсантшыларды ерекше қызықтырған

Мамлют совхозының тәулігіне 32 кило-грамға дейін сүт беретін «Коханочка» деп аталатын сыйыры болады. Бұл сыйырдан быйыл 5321 килограмм сүт сауылған. Оның сүтінің майлығы 3,9 процент. Преснов ауданы «Путь коммунизма» қол-хозынан келген қолхозшы әйелдер Т. Бе-зуглая, Н. Белюченко жолдасар сыйырды таңырқай қарап, сауынышылармен кеңе-сіп пікір алысты.

—Жануар сүт бұлағы екен ғой, бір өзі біздің қолхоздағы үш сыйырға тұрады десек те болады, —десті олар.

Міне, экскурсантшылар «қойда да бе-реке бар» десіп, қойларға келді. Мұнда бір өзінің үстінде алты костюмдік жүн бар «Алтай тұқымы» қошқарын көрді олар. Бұл қошқар Булаев ауданы «Крас-ное знамя» қолхозыныңкі. Оның тірідей салмағы 90 килограмм, жылына 13,3 ки-лограмм жүн береді.

Жер тарынып, бір тыным ташпай тұрған нелер арғымақтарды, олардың нелер жүйрігін де, желістісін де, күшті-сін де көргенде, жайындай жайқалып тұрған бұқалардың күшке де, етке де ба-ғытталған тұқымдарын көргенде қолхоз-шылар мен совхоз жұмысшылары мал өсі-руде өздеріне әлі де көп үйренудің, ізде-лудің, қажымай-талмай еңбек студің кер-ектігін аңғарды. Олар мал өсірсең— асылдан өсір деген қорытындыға келді.

«Механикаландыру» павильонында да адамдар тоқыны басылар емес. Көруші-лердің бір тобы кетіп жатса, бір тобы лек-легімен келіп жатады. Бәрі де әр-алуан жаңа техникаларға тамашалай қа-рап, оларды жақын көліп көреді. Ондағы жазуларды оқып, машиналардың марка-сымен, қуатымен танысады. Партия мен үкіметіміздің ауыл шаруашылығын меха-никаландыру жөнінде жасап отырған қамқорлығының нәтижесін көрмеден де көріп, олар партияға, үкіметке алғыс ай-тып, сүйсіненшілік білдіреді.

Полудин ауданы Тельман атындағы қол-хоздың мүшесі Г. Воун жолдас ойлап шы-

ғарған өздігінен жүретін астық тазарт-қыш пен Преснов ауданы «Красный пар-тизан» қолхозының мүшесі П. Романен-ко жолдас ойлап шығарған механикала-ндырылған вейлка павильонның кіре бері-сінде тұр. Экскурсантшылар бұларға бө-гелмей, әрі қарай аса алмайды. Өйткені қатардағы қолхозшылардың ойлап шығар-ған машинасымен танысу қызықты да оларға.

—Бұлар көп оқыған адам болар, —дей-ді Октябрь ауданы Жамбыл атындағы қолхоздан келген қолхозшы Н. Мақметов қасындағы жолдастарына қарап, —әйтпе-се мұны ойлап шығаруға мыйы қалай жеткен?

Бұл сұраққа жауапты қаладағы металл өңдеу зауыдының слесарі А. Москоленко жолдас берді.

—Бұлар, —деді ол күлімсірей сөйлеп, —өмір, тәжірибе, мектебінен оқыған адам-дар. Екеуі де көптенгі қолхозшылар. Тек бұл екеуі ғана емес, Ленин ауданындағы өндіріс комбинатының бастығы Е. Пота-пов, Совет совхозындағы П. Дьяченко жолдасар да егіншілерге керекті жаңа машиналардың бірнеше түрін ойлап шы-ғарып жүр.

Міне, облыстық ауылшаруашылық көр-месінің әрбір күні осылай қызықты, кө-ңілді өтіп жатыр. Оны мыңдаған адам-дар, қолхозшылар да, жұмысшылар да, интеллигенттер де, оқушылар да көліп көрді. Олар көрмеден көп әсер алды. Көр-мені көре отырып, өздерінің жұмысына, шаруашылықтарының жайына сын көзі-мен қарады, қорытынды жасады. Бұған дейін болып келген кемшіліктерді еске түсірді. Сөйтін оны жоюдың, еңбекте жаңа табысқа жетудің әдіс-айласын да іздестірді, оны ой елегінен өткізді. Көрме-ні көргендер одан көп үйренді және еңбек көрсеткішін бұдан да жақсарта беру жөні-де өздерінің бағалы ұсыныстарын жасады. Міне, көрменің оларға әсері осындай бол-ды

Ғ. НҰРОВ.

# ТӨРТ ДЕРЖАВА СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ ЖЕНЕВАДАҒЫ КЕҢЕСІ

## Министрлер күн тәртібінің бірінші пунктін талқылауға кірісті

ЖЕНЕВА, 28 октябрь. (ТАСС-тың арнаулы тілшісі). Бұрын хабар етілгеніндей, бүгін күндіз Францияның, Англияның, Совет Одағының және АҚШ-тың сыртқы істер министрлері өздерінің екінші мәжілісіне жыйналды. Г. Макмиллан председателдік етті.

Министрлер күн тәртібінің бірінші пунктін — европалық хауіпсіздік және Германия туралы мәселені талқылауға кірісті.

Бірінші болып Англияның сыртқы істер министрі Г. Манмиллан сөз сөйледі.

Ол сөзін талқылаумен отырған мәселенің екінші бөлігінен бастап, Англия делегациясының пікірі бойынша, Германияда еркін сайлауды мүмкіндігінше неғұрлым тез өткізу қажет деп мәлімдеді.

Берлиндегі кеңесте, деді Г. Макмиллан, біз дәзір «Иденнің жоспары» деген атпен мәлім болып отырған документте өз пікірімізді баяндаған болатынымыз. Бұл жоспар жалпыгермандық ассамблея сайлауымен кейін мүмкіндігінше тез жыйналуға тиіс деп көрсетеді. Ассамблеяның бірінші міндеті жаңа Германия үшін конституция әзірлеу болады. Бұл конституция қабылданысымен-ақ соның негізінде жалпыгерман үкіметі құрылады. Федералдық үкімет пен «шығысгерман өкімет орындарының» (Г. Макмиллан өзінің сөйлеген сөзінде ГДР-ді осылай деп атады.—Ред.) өкілдіктері бірге-бірге жаңа үкіметке беріледі, мұның өзі Герман Федералдық Республикасы мен Шығыс Германия үшін өздерінің жеке единица түрінде өмір сүруді тоқтатуға мүмкіншілік туғана дейін болады.

Г. Макмиллан мұнан кейін, «Иден жоспары» бойынша, жалпыгерман үкіметі өзінің ішкі саясатының мәселелерін шешкенде ерікті болуға тиіс екенін және бұрынғы Федералдық Республика мен Шығыс Германияның барлық халықаралық міндеттемелерін өзінің қалауына қабылдауға немесе қабылдамай тастауға аралындағы ету дәуірінде ішінде бұрынғы «окупациялық» державалар өз праволарын, атап айтқанда: әскерлерін орналастыру жөніндегі, Берлин жөніндегі, тұтас Германияға байланысты проблемалар жөніндегі және бітім договорың жасау жөніндегі праволарын сақтауға тиіс.

Макмиллан кеше В. М. Молотовтың қайта қосылуды ұйымдастыру жөніндегі өз ұжымы екендігі туралы айтқан сөздерін сарқылдаспен тыңдағандығын айтты. Бұл үшін бір ғана мүмкіншілік бар,

басшыларының конференциясында Совет Одағы ұсынғанындай, Германияны бөлшектеуге шек қоймайтын «Европалық хауіпсіздік системасына қосылуға ұмтылмайтындығын» айтады.

Ұсыныстарда атлантика блогі мен Батыс Европа одағы «таза қорғаныс ұйымы» болып табылады-мыс деген, «егер біріккен Германия бұл ұйымдарға қосылуды ұйғаратын болса, бұл ұйымдарда белгіленген шештеу және бақылау шаралары Совет Одағының хауіпсіздігін нашарлатпайды, қайта күшейте түседі» деген сөздер тағыда қайталанған.

«Солдай бола тұрса да, — дегеннен ұсыныстарда, — Германияны тез біріктіруден советтің бастартуына әкеліп соғатын себептердің қандайын болса да жою мақсатымен Франция, Құрама Корольдік, Құрама Штаттар Совет Одағының үкіметі білдірген хауіптенулерді ескеру үшін онан әрі баруға бел байлап отыр». Осы мақсатпен батыс державалардың үкіметтері «Германияның қайта қосылуына байланысты арнаулы көпілдіктер алынған договор» жасасуды, сонымен бірге Германияны Иденнің жоспары негізінде біріктіру туралы договор жасасуды ұсынады. Бұл көпілдік алу туралы договор «Біріккен Германия Солтүстік Атлантика договоры мен Батыс Европа одағының ұйымына қосылуды ұйғарған кезде бірқалата күшіне кірген болар еді». Сойтпін, үш батыс державаның ұсыныстары біріккен Германияның батыс державалардың соғыс топтарына міндетті түрде қосылуына көздейді, мұнда герман халқының мұны қалайтын-қаламайтыны ескерілмейді.

Франция, Англия және АҚШ үкіметтерінің ұсыныстарына екі документ тіркелген, олар: «Германияның қайта қосылуына байланысты арнаулы көпілдік алуы кезеңен договордың жобасы», «Германияны ерікті түрде қайта қосудың жоспары (Иденнің жоспары)».

«Жобаның және және коллективтік қорғаныс правосы» туралы пунктті іс жүзінде батыс державалардың басқа территориялардағы өз базаларын сақтап қалуына мүмкіндік береді. «Бұл договорда БҰҰ Уставы мен Уставқа сәйкес жасалған договорларда мойындалған жеке немесе коллективтік қорғаныс правосына ешқандай нұқсан келтірілмейтіндігі және келдергі жасалмайтындығы ескеріледі, — деген бұл пунктте. — Әрбір жақ екінші жақтың жерінде оның келісуіне, өзінің қарулы күштерін сақтай алмайды, және сол жақтың өтініші бойынша олар өз қарулы күштерін, егер олар сол жерде қол-

сайлау заңын «неміс сарапшыларымен ақылдаса отырып және өзіндік өзінде Федералдық Республиканың бундестагі мен совет аймағындағы халықтық палата осы мақсатпен жасаған сайлау заңдарын ескере отырып» әзірлейді деп көрсетілген. Бұл заңды «төрт держава мақұлдауға тиіс» делінген.

Жобада сайлауға шотел бақылауын орнату көзделген. Жоба бойынша, бақылаушы комиссиялар «төрт державаның өкілдерінен құрылуға, оған бейтарап елдердің өкілдері қатыстырылуға немесе қатыстырылмауға және кеңестің дауыс правосымен неміс азаматтары қатыстырылуға тиіс».

Жобаның «сайлауға әзірлену әдісі» туралы бөлімінде былай делінген: «сыртқы істер министрлері ең алдымен осы жоспарда баяндалған принциптер бойынша келісімге келуге тиісті. Мұнан кейін олар төрт державаның Германиядағы өкілдіктерінің басшыларынан немесе сол өкілдіктердің тиісті қызметкерлерінен құрылған жұмысшы топқа тиісті нұсқау береді. Бұл топ осы принциптерді қолданудың әдістерін белгілейді, мұнда қажетті анықтаулар енгізіледі, сойтпін баяндама табыс етеді. Атап айтқанда, бұл баяндамада жалпыгермандық сайлау заңының жобасы, сайлауды бақылау жөніндегі толық ұсыныстар болуға тиіс.

Жобада былай делінген: ұлттық жыйналыс құрған жалпыгерман үкіметі «Федералдық Республика мен Германияның советтік аймағы қабылданған халықаралық праволар мен міндеттемелерді қабылдайтын немесе қабылдамайтынны шешуге ерікті болуға тиіс және ол өзінің қалауына басқа осындай халықаралық келісімді жасауға да ерікті болуға тиіс».

Жобаның қорытындысында Германиямен бітім договорына онымен соғыс жағдайындағы барлық мемлекеттер, немесе олардың мұрагерлері қол қоюға тиіс деп көрсетілген. Договор төрт держава мен Германия бекіткеннен кейін күшіне кіруі тиіс.

Мұнан кейін Европалық хауіпсіздік туралы мәселе жөнінде В. М. Молотов сөз сөйледі. Ол кеңестің қарауына ССРО делегациясының Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договордың негізгі принциптері туралы ұсынысын енгізді. В. М. Молотов үш державаның атынан Г. Макмиллан енгізген ұсыныстар жөнінде бірқатар ескеріселер жасады. Ол Г. Макмилланның кеңестің қарауына ұсынып отырған документіндегі кейбір ережелер онан әрі талқылауды кө-

мамен, яғни Германияны қайта қосу проблемасымен және европалық хауіпсіздік проблемасымен шұғылдану, немесе аурысырақ айтқанда, Германияны қайта қосу мен европалық хауіпсіздік проблемасы ара сындағы тығыз байланыс деп баяндалған тәртібі бойынша шұғылдану бізге тапсырылды. Директиваларда нақ осылай деп баяндалған. Директиваларда бұдан кейін осы проблемалардың әрқайсысын ойдағыдай шешу бейбітшілікті нығайту мүдделеріне қызмет етеді делінген.

Даллес бұдан кейін былай деп мәлімдеді: үш державаның кеңесте енгізген ұсыныстары Берлин кеңесінде баяндалған Иденнің жоспарын қайталап отыр және онда Германияны қайта қосумен байланысты хауіпсіздік көпілдіктері туралы жаңа ұсыныстар бар.

Даллес бұдан кейін Совет делегациясы үш державаның ұсыныстарын өерттейді деген В. М. Молотовтың мәлімдемесіне өзінің өте қуанышты екенін айтты.

Менің қаншалықты түсінуіміше, деді бұдан әрі Даллес, Молотов мырза біздің ұсыныстарымызға іс жүзінде негізгі екі қарсы пікір айтты: біріншіден, бұл ұсыныстар Германиядан НАТО-ға кіруді талап етеді, ал екіншіден, договордың жобасында алуды ғана көздейді.

Даллес «арнаулы көпілдіктер туралы» ұсыныстарда «Иден жоспарының» ұсыныстарына қайшы келетіндей ештеңе жоқ, бұл жоспар бойынша, жалпыгерманиялық үкіметтің НАТО-ға кіру немесе Брюссель келісіміне, яки Варшава келісіміне қосылу жөніндегі ұсынысты қабылдайтын немесе ода бастартатын толық мүмкіндігі болады дегенді айтты.

Ал договорда көзделген шараларға келетін болсақ, бұл шаралар Даллестің айтуына, осы уақытқа дейін белгілі болып келген халықаралық келісімдердің қандайымен болса да салыстырғанда өлде қайда алысты көздейтін шаралар болып табылады.

АҚШ делегациясы, деді Даллес, әрине, совет делегациясының ұсыныстарын мұқият зерттейді. Ол былай деп мәлімдеді: дегенмен де үш державаның ұсынысындағы ережелердің кейбіреулері совет делегациясының ұсыныстарымен үйлесіп отыр, бірақ әйтседе бұған көзқараста негізгі бір айырмашылық бар. Бұл айырмашылық, Даллестің айтуына, мынада: үш державаның ұсынысы бір-бірімен тығыз байланысты мәселелер — Германияны қайта қосу туралы және европалық хауіпсіздік туралы мәселелер жайында болып отыр, ал онан басқасында совет ұсыны-

## Халықаралық шолу

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШИЕЛЕНІСТІ ОНАН ӘРІ БӘСЕҢДЕТУҮҮШІН

Төрт держава министрлерінің Женевада басталған кеңесіне дүние жүзіндегі барлық елдердің миллиондаған адамдары зор ынта қоюда. Жұртшылық бұл кеңестен халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге, мемлекеттер арасында ынтымақты, өзара түсінісуді және сенімді нығайтуға жеткізерліктей жақсы нәтижелер күтуде.

Бұдан үш ай бұрын төрт держава үкіметтерінің басшылары бастаған және халықтардың жалпыға бірдей бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің мүдделері үшін реттелмеген халықаралық проблемаларды шешу жолындағы ірі табыс болғаны жұртқа мәлім болып отырған жұмысты сыртқы істер министрлерінің онан әрі жүргізуіне тура келеді. Женева Кеңесінің директиваларына сәйкес сыртқы істер министрлері халықаралық жағдайға осыншалық жемісті ықпал жасаған «Женеваның рухын» практикалық істермен нығайтып, дамытуға өздерінің күш-жігерін жұмылдыруға тиіс.

Төрт держава үкіметтері Басшыларының Женева Кеңесі сыртқы істер министрлерінің жұмысы үшін қолайлы жағдай тудырғанын ешкім де бекер дей алмайды. Ендігі міндет бүкіл адамзаттың мүдделері үшін келісілген қарарларға жету үшін барынша ұстамдылық, шыдамдылық және ізгі ниетті ерік көрсетуде болып отыр.

Сыртқы істер министрлері Кеңесінің күн тәртібінде өте маңызды мәселелер: европалық хауіпсіздік және Германия туралы, қарусыздандыру туралы, Шығыс пен Батыс арасында байланыстарды дамыту туралы мәселелер тұр. Бұл мәселелерді дұрыс шешудің бейбітшілік ісі үшін орасан зор маңызы болады. Мұны Англия, Франция, ССРО және АҚШ делегацияларының басшылары өздерінің 27 октябрьдегі бірінші мәжілісінде жасаған мәлімдемелерінде мойындады.

Жалпыевропалық коллективтік хауіпсіздік системасын құру, Европаның халықтары үшін аса маңызды проблема. Оны дұрыс шешу герман мәселесін реттеудің алғы шарты болып табылады. Батыс державаларының кейбір саяси қайраткерлерінің бұл ақиқатты елемуге тырысқан өрекеттері өз елдерінің бейбітшілікпен және тыныштықпен дамуына сенімді көпілдіктер берілуін көздеп отырған европалық халықтардың, соның ішінде герман халқының мүдделеріне мүлде жанаспайды.

Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы договор жасау жайында ұсыныстар енгізе отырып, Совет үкіметі былай деп көрсеткен болатын: Солтүстік-Атлантикалық блок негізін қалап берген соғыс топтарының құрылуы европалық хауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы негізгі кедергі болып табылады. Совет Одағы бұл топтарды жоюды, олардың орнына коллективтік хауіпсіздік системасын орнатуды жақтап келді және жақтап келеді. Мұның өзі бейбітшіл және демократиялық негіздерде Германияның бірлігін қалпына келтіру үшін жағдай тудырған болар еді. Соның өзінде Совет үкіметі герман проблемасын

арада Совет Одағы мен Герман Федералдық Республикасы арасындағы қатынастарды оңдау, Совет Одағы мен Герман Демократиялық Республикасы арасындағы қатынастар туралы договор жасау, достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Совет-Финляндия договорының мерзімін ұзарту, совет әскерлерін Австриядан мерзімінен бұрын әкету, Н. А. Булганиннің АҚШ президенті Эйзенхауэрге жолдаған арнаулы хатында қарусыздандыру проблемалары жөнінде жасалған нақты ұсыныстар сыяқты фактілер мен басқа да шараларды көрсетудің өзі-ақ жеткілікті. Осының бәрі төрт министрдің Женевадағы Кеңесінің ойдағыдай өтуіне қосымша қолайлы жағдай тудырды.

Совет адамдары бұл кеңестің жемісті болуына тілектестік білдіруге және оған қатысушылардың бәрі халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетуді қамтамасыз ететін жолдарды іздестіруге ұмтылған талап көрсетеді деп ұміттенуде.

### СААРДАҒЫ РЕФЕРЕНДУМ

23 октябрьде Саар облысында «Европалық статут» дейтін туралы мәселе жөнінде референдум (халық пікірін сұрау) өткізілді. Дауыс беруге қатысқандардың басым көпшілігі (87,7 проценті) «европалық статутқа» қарсы шықты. Бұл «статут» бұдан бір жыл бұрын француз-батысгерманиялық келісім негізінде белгіленген болатын және ол белгілі Париж келісімдерінің бір бөлігі болып табылады.

Шетелдік баспасөз, соның ішінде француз газеттері, референдумның нәтижелерін батысевропалық соғыс одағына берілген елеулі соңғы және Францияның сыртқы саясатының жеңілісі деп бағалады, өйткені Саарда «европалық статутты» енгізу Францияның Париж келісімдерін бекіту шарттарының бірі болғаны жұртқа мәлім.

Саарға арналған «европалық статут» туралы қарар қабылдай отырып, Франция мен Батыс Германияның билеуші топтары саар халқының мүдделері мен көкейтесті мақсаттарын толығымен елемеді. Сондықтан да референдумның нәтижесі қандай болатыны күнілгері мәлім болған-ды. Батыс державаларының саяси топтарында «европалық статут» қабылданбай тасталады, сондықтан Франция мен Батыс Германия арасындағы қатынастарда жаңа кризис туады деп күту керек деген пікір күнілгері айтылған болатын.

Саар тіпті ұзақ уақыттан бері Франция мен Батыс Германия монополистерінің арасында дау-жанжал тудырып келеді. Осыны ескере отырып, Солтүстік-Атлантикалық блоктың басшылары Саарды соғыс одақтарын топтастыру өрекетіндегі ойыншық ретінде пайдалануға барынша тырысып келді. Батыс-европалық баспасөздің Саар туралы француз-батысгерманиялық келісімді «батысгерманиялық дивизиялар құруға Францияның келіскені үшін Бонның «толеген құны» болды» деп атағаны тегін емес.

Саардың «европалық статуты» батысевропалық одақпен тығыз байланысты. Бұл одақтың советі Саардың «европалық комиссияның» тарапында

Ол Англияның, Францияның және АҚШ-тың делегациялары осы мақсатпен өз ұсыныстарын енгізетінін айтты. Кеңеске қатысушыларға бұл ұсыныстарды баяндай жөнін, Г. Макмиллан олардың негізгі мақсаты Совет Одағында хауісіздік сезімін тұтқызып, оның Германияны қайта қосуға жөлісуіне мүмкіндік беру, деп сендірді. Г. Макмиллан бұл ұсыныстарды совет делегациясы байсалдылықпен зерттейді деп сенетінін білдірді.

Мұнан кейін Макмиллан үш держава ұсыныстарының тексті жариялады.

Франция, Англия және АҚШ үкіметтерінің күн тәртібіндегі бірінші пункт жөніндегі «Германияны қайта қосу және хауісіздік» деп аталған (келісізден күн тәртібінің бірінші пунктіндегі мәселе «Еуропа хауісіздігі және Германия» жөніне қарамастан) ұсыныстарында былай делінген: «Өткен жылғы үш үкімет Иденнің жоспарымен ұсыныстар енгізген еді; ол ұсыныстар герман ұлттың халықтардың праволары мен адамның жеке басының бостандығын құрметтеу жағдайында өзінің біртұтастығын қалпына келтіруге мүмкіншіліктер береді. Олар ұсынылып отырған документте сол ұсыныстарды қайталайды.

Бүкіл Германия үшін бір тұтас үкімет құруға бастайтын еркін сайлау әткізу герман халқының герман проблемаларын шешуге толық қатысуын қамтамасыз етудің шын мәніндегі құралы болып табылады, Совет үкіметінің мәлімдемесіне қарағанда, ол да осыны тілеп отырған сияқты. Егер осы кеңестің барысында принциптік келісім жасалатын болса, онда сайлау туралы және сайлауды бақылау туралы заңға байланысты мәселені көшігірмей реттеуге мүмкіншілік туған болар еді. Бұл сайлауды 1956 жылдың өзінде өткізуге болар еді».

Үш батыс державаның үкіметтері мұнан кейін өз ұсыныстарында, үкіметгер

сәйкес тұрған болмаса, белгіленген мерзімде алып кетеді».

Мұнан кейін жобада былай делінген: «әрбір жақ мынаған келіседі: Еуропада осымен бірге НАТО-ның мүшесі болып табылатын жақтың қайсысының болсын оған мүше болып табылмайтын жақтың қайсысына да қарсы қарулы шабуыл жасауы, немесе керісінше жасалуы, осы договордың жасалу себебі болып отырған бейбітшілік пен хауісіздікке қатер тұрғызады, және барлық жақтар бұл жағдайда сол ортақ хауішке қарсы тұру үшін тиісінше қылмыс жасайды».

Алайда агрессияға қарсы бірігіп қылмыс жасауға көмекпен, жоба бойынша, істің мәні «договорды орындау мақсатымен әрбір жақтардың арасында консультация алысумен» ғана тынады.

Жобада договордың ережелері «бірте-бірте, жалпы келісім бойынша белгіленген кезеңдерде» күшіне кіреді делінген.

«Германияны еркігі түрде қайта қосу жоспары (Иденнің жоспары)» деп аталған жобада былай деп көрсетілген: «Германияны қайта қосу және еркін келіссөздер жүргізу арқылы біріккен Германия мен бітім договорын жасасу мынадай шендермен жүзеге асырылуға тиіс:

I. Бүкіл Германияда еркін сайлау өткізу.

II. Сол сайлаудың нәтижесінде ұлттық жыйналыс шақыру.

III. Конституция (жобасын) жасау және бітім договоры жөнінде келіссөздерге әзірлену.

IV. Конституцияны қабылдау және келіссөздер жүргізіп, бітім договорын жасауға жауапкершілік алатын жалпыгерман үкіметін құру.

V. Бітім договорына қол қою және оның күшіне кіруі.

Жоба бойынша сайлау заңын немістердің өздері емес, Франция, ССРО, Англия, және АҚШ әзірлеуі көзделген, бұл рет,

зетін қойып зерттегенін айтты. (В. М. Молотовтың мәлімдемесі мен ССРО делегациясының ұсынысы газеттің келесі номерінде басылады).

Мұнан кейін сөз сөйлеген Д. Даллес мәлімдеме жасап, АҚШ Г. Макмилланнның енгізген ұсынысының авторларының бірі екенін, АҚШ делегациясы Г. Макмиллан баяндаған пікірлерге қосылатынын айтты.

Мұнан соң Д. Даллес В. М. Молотовтың кейбір ескертпелеріне, оның ішінде, Молотовтың батыс державалардың соғыс топтарына қалай сыпаттағандығына тоқтанды. Бұл топтар «коллективтік хауісіздіктің бірлесігітері» болып табылады деді Даллес.

Мен, деді Даллес, бұл мәселелер жөнінде біздің үкіметтеріміздің арасында алауыздық бар екенін, олардың бәрін осы кезеңде шешуге болмауы мүмкін екенін мойындаймын.

Даллес соғыс блоктарын құру саясатын ақтайтын өзінің әдеттегі сылтауларын қайталап айтты. Ол кейбір батыс елдерінің соғыс бюджеттері 1948 жылдан 1954 жылға дейінгі уақыттың ішінде тым шамадан тыс ұлғайып кетті деп мойындады және мұның өзі «коллективтік қорғаныс» пікірлерінен туды дегенді айтты.

Молотов мырза, дейді Даллес бұдан кейін, хауісіздік шарттарының өздері қанағаттанарлық хауісіздік болып табылмайды деп кейбір делелдермен айтты. Ол хауісіздікке қалай жетуге болады деген сұрақ қойды. Менің ойымша, хауісіздікке жету үшін дүние жүзінде орын алып отырған және басқаша жағдайда халықтар қолданбайтындей зорлық күшті қолдануға халықтарды итермелеп отырған кейбір әділетсіздікті құрту керек. Бізді айыпты деп отырған бұл әділетсіздіктердің бірі Германияның әлі де бөлшектеліп отырғандығы болып табылады. Мұның өзі хауісіздік тудырмайтын хауіпті, зиянды жағдай деп танылды. Міне сондықтан да бір-бірімен тығыз байланысты осы екі пробле-

сы, даллестің айтуына, Германияны қайта қосу туралы мәселемен байланысты емес. Германияны қайта қосу туралы мәселе жөнінде, бізге қаншалықты мәлім болып отырғанындай, Совет Одағы тапсыратын ұсыныстармен АҚШ делегациясы қашан танысқанға дейін, деді Даллес, совет ұсынысын қарау қыйын болар еді.

Бұдан кейін А. Пинз сөз сөйледі. Ол үш державаның ұсыныстарын келісімге жеткізе алатындай келіссөздердің ақыға сыйымды негізі деп санайтынын мәлімдеді, бұл келісім герман ұлттының өз бірігіне қайтадан жетуіне мүмкіндік берген болар еді деді. А. Пинз былай деп мәлімдеді: француз үкіметінің сенуінше, егер қайта қосылған Германия, «батыстың қорғаныс ұйымдарына» кірген күнде, барлық елдер үшін хауісіздік қамтамасыз етілген болар еді.

Ол үш батыс державаның делегациялары өз ұсынысында совет тілектерін ескеруіне үнемі әрекет жасады деген пікір айтты.

Міне сондықтан, деп мәлімдеді А. Пинз, батыс державалары Совет Одағына қосымша кепілдіктердің тұтас сериясын ұсынды, ал француз үкіметі бұл кепілдіктерге Совет үкіметі шөкжұрайды қарай алмайды деп санайды. Июльде маршал Булганин Совет Одағы өзінің хауісіздігін қамтамасыз ету ісін басқаларға бере алмайды деген болатын. Батыс үкіметтерінің басшылары Совет үкіметі басшысының бұл ескертпесін зор ықыласпен тындады, сондықтан да көзір енгізіліп отырған ұсыныста ССРО-ның нақты емес деп санауына болатындай біржақты уәделер беріліп отырған жоқ, қайта нақты кепілдіктер беріліп отыр.

Қорытындыда ол француз делегациясы совет ұсынысын тиісінше зөйін салып зерттейді деп мәлімдеді.

А. Пинздің сөзінен кейін мәжіліс жабылды. Министрлер келесі мәжіліске ертең күндіз жыйналады.

### ССРО ЖӘНЕ ЙЕМЕН АРАСЫНДА ДОСТЫҚ ТУРАЛЫ ДОГОВОРҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛУЫ ЖАЙЫНДА

КАИР, 31 октябрь. (ТАСС). Бүгін Каирда ССРО және Йемен арасындағы достық туралы договорға қол қойылды. Қол қойылуға байланысты мұнда совет-Йемен бірлескен мазмұндамасы жарияланды.

Договорға қол қою салтанатынан кейін ССРО-ның Египеттегі елшісі Д. С. Солод Каирда жүрген Йемен үкіметінің өкілдері және Йеменнің Египеттегі миссиясының мүшелері үшін қабылдау жасалы. Қонақтарға совет кинофильмдері көрсетілді.

Қабылдау жылы шырайлы, достық жағдайында өтті.

### Жапон тоқымашыларының ереуілі

ШЕКИН, 29 октябрь. (ТАСС). Токио радиосының хабарына қарағанда, Жапонияның ең ірі он тоқыма компаниясының 140 мың жұмысшыларының ереуілі 9 күн бойына болып жатыр. Ереуілді теңізшілердің Бүкілжапондық кәсіподағы қол-

дауда. Ол аталған компаниялардың шикізаттары мен дайын өнімдерін тасымалдауға байкот жариялау жөнінде өз мүшелеріне нұсқау берген. Баспасөз тоқымашылардың ереуілі Жапонияның мақта-мата өнімдерін сыртқа шығару ісіне жөрі әсерін тигізе бастады, деп көрсетеді.

### Францияның Ұлттық жыйналысына мерзімінен бұрын сайлау туралы заң жобасы

ПАРИЖ, (ТАСС). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Францияның министрлер советі ұлттық жыйналыстың сайлауы 1955 жылғы декабрьдің бірінші жартысында болады деп белгіленген заң жобасын парламентке е-

гізуге ұйғарған. Ұлттық жыйналыстың көзіргі құрамының өкілдігі 1956 жылғы июль айында бітеді. Сонымен егер заң жобасы қабылданатын болса, сайлау мерзімінен бірнеше ай бұрын өткізілетін болады.

өз ісі, ал герман халқына өз йоспарларын тықпаламай, қайта оның бұл ісіне көмектесу — төрт державаның міндеті деген пікірге сүйеніп отыр.

Батыс державаларының билеуші топтарының өкілдері, сондай-ақ Батыс Германиядағы белгілі топтар, Герман Демократиялық Республикасында демократиялық тәртіптер өрлеп отырғанын елеуге тырысып, бүкіл герман халқы үшін зор маңызды бар ГДР-дің әлеуметтік жеңістеріне нұқсан келтіру арқылы Германияны біріктіруді жүзеге асырғысы келеді. Совет үкіметі герман проблемасы Германияның екі бөлігіндегі нақты жағдайды ескере отырып, ГДР мен ГФР-ді өзара жақындастыру жолымен шешілуге тиіс деп санап келді және санап отыр. Біріккен Германияда милитаризмге және кеншілдік әрекеттерге ешбір жол берілмеуге тиіс.

Күн тәртібінің екінші мәселесі — қарусыздандыру туралы мәселенің маңызды екені жалпы жұртқа мәлім. Дүние жүзінің халықтары бұл мәселені ешбір кешейілдетпей шешуді талап етуде, өйткені жанталаса қарулану халықтарға орасан зор ауырталық түсіруге және ол халықаралық шиеленістің басты себептерінің бірі болып табылады. Көзіргі уақытта қарусыздандыру жолында нақты қадамдар жасау үшін нақты мүмкіндіктер бар. Совет үкіметінің 1955 жылғы 10 майдағы және 21 июльдегі ұсыныстарының нәтижесінде Совет Одағы мен Батыс державаларының көзқарастары жақындасты, сондықтан ендігі өңтіме бұл мәселені дискуссия жасау саласынан нақты қарарлар қабылдау саласына көшіруге болып отыр.

Ал Совет Одағына келетін болсақ, ол қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу туралы мәселені ойдағыдай шешу мақсаттарын көздеген өзінің күш-жігерін әлі де жұмсап келеді. Мұны атап айтқанда, БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі комиссиясының көмекші комитетіндегі совет делегациясының позициясы және совет қарулы күштерін 640 мың адам азайту туралы ССРО үкіметінің қарары айқын көрсетеді.

Совет үкіметі Шығыс пен Батыс арасында байланыстарды дамыту туралы мәселеге зор маңыз беріп отыр. Халықаралық мәдениет, ғылым және сауда байланыстарын күшейту мақсатын көздейтін пәрменді шаралардың «қырғай-қабақ соғысты» тоқтатуға, мемлекеттер арасында сенімді нығайтуға атсалысатынында күмән жоқ.

Төрт держава үкіметтері Басшыларының Женева Кеңесі аяқталған кезден бері Совет Одағы «Женеваның рухын» дамыту үшін көп жұмыстар істеді. Бұл

тіс болды. Бұл комиссарға сыртқы істер саласында және қорғаныс мәселелерінде көлемді өкілдіктер берілді. Іс жүзінде Саарды батыс еуропалық мемлекеттердің соғыс блогінің бір бөлігі ету мақсаты көзделді. «Европалық статутты» қабылдамай тастап, саар халқы соның нәтижесінде Париж келісімдеріне қарсы шықты.

АДН агенттігі тілшісінің жасаған мәлімдемесінде ГДР Премьер-министрі Отто Гротеволь Саар облысын «европаландыру» герман халқының да, француз халқының да мүдделеріне сай келмейтін астыртын сөз байлау әрекеті болып табылады деп атап көрсетті. Саар, деді ол, «неміс жері болды, болып отыр және бола береді. Саар облысын іс жүзінде бөліп өкетуді ешнәрсемен ақтауға болмайды, сондықтан да, бұл әрекет серпіп тасталуда. Саар облысы Германияның біртұтас бөлігі екенін, ал Францияның хауісіздік мәселелеріндегі және экономикалық саласындағы мүдделері еске алынуға тиіс екенін мойындау негізінде Саар облысы туралы мәселе жөнінде біртұтас, демократиялық, бейбітшіл және тәуелсіз Германия мен Франция арасында ерқашан да бейбіт және баянды келісімге жетуге болады».

Герман Федералдық Республикасының үкіметі референдумның қорытындыларын талқылағаннан кейін ресми мағұмұндама жариялады. Бұл мазмұндамада «Франция — Германия ынтымағы ісіне және Европалық бірлестік құру мақсатына қызмет ететіндей шешім табудың» жөн болатындығы туралы айтылған. Бірақ Саар мәселесін соғыс блоктарын құру саясатының элементі ретінде қарауға ұмтылған әрекетке сүйенетін шешімнің қандайы болса да, неміс халқын да, француз халқын да қанағаттандыра алмайды. Бұл мәселені тек герман проблемасын бейбіт және демократиялық реттеумен Европалық коллективтік хауісіздік системасын құрумен ұштастыра отырып шешуге болады.

Саарды «европаландыру» және оны соғыс блоктарының жетегіне байлау әрекеттерінің табысқа жетпейтінін, өйткені бұл әрекеттер халықтардың мүдделеріне қайшы келіп отырғанын референдумның нәтижелері айқын көрсетті. Француз және неміс халықтары халықаралық даулы проблемалардың, соның ішінде Саар проблемасының да келіссөздер жүргізу жолымен, өзара түсінісу негізінде, бейбітшілікпен жалпыға бірдей хауісіздік мүдделері үшін шешілетін болуын барған сайын батыл талап етуде.

Д. БОЧАРОВ.

Редактордың орынбасары  
Г. НҰРМОЛДИН.



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ЖЮЛЬЕТТА»

«АЯҚТАЛМАҒАН ПОВЕСТЬ»

Сеанстар сағат 7, 9 және 11-де басталады.

Сеанстар сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.